



АЛМАТЫДА БАСТАУ АЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРОЦЕСС

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №71 (6633) 8 тамыз, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

Абай Құнанбайұлы – 180:

«МАХАББАТПЕН ЖАРАТҚАН АДАМЗАТТЫ...»

Ұлы ақынның рухани мұрасын ұлықтайтын онкүндігі өтіп жатыр



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

10 тамыз – «Абай күні». Бұл күн – ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының туған күні. Ұлт болмысының тұғыры, халқымыздың ұлы перзенті, ақын, философ, ғұлама Абайдың 180 жылдық мерейтойы ел көлемінде жоғары деңгейде аталып өтуде. Алматыда да 1–10 тамыз аралығында іс-шаралар легі жоспарланған. Ақынның рухани мұрасын ұлықтауға арналған бұл онкүндік аясында қалада әдеби кештер, көрмелер, Абай оқулары, шығармашылық байқаулар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылады.

Алматыдағы мерейтойлық шаралар – ұлт руханиятының темірқазығына айналған Абай мұрасын жас ұрпаққа терең танытып, оның өрелі ойлары мен тәлім-тәрбиелік өнегесін кеңінен дәріптеуге бағытталған маңызды бастама, Абайды танудың тағы бір қадамы.

Тақырыпқа қатысты арнайы материалдарды газеттің ішкі беттерінен оқи аласыздар.

ӘКІМ

АЛМАТЫНЫҢ БАРЛЫҚ КӨШЕСІ ТОЛЫҚ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛАДЫ

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен кеңесте қаланы жарықтандыру жүйесіне арналған шебер жоспарының жобасы таныстырылды. Құжат қаланың барлық аумағын және негізгі көлік бағыттарын қамтып, заманауи қауіпсіздік, энергия жағынан үнемділік және визуалды қабылдау талаптарына сай келетін сыртқы әрі сәулеттік жарықтандырудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға бағытталған.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Талқылау барысында әкім жарықтандыру стратегиясының құр қағаз жүзінде ғана қалмай, нақты нәтиже беретін жүйе болуы кергін баса айтты.

«Қазір біз әртүрлі елден білікті мамандарды тартып жатырмыз. Өзім де бұл істі жіті бақылауға аламын, кешкі уақытта нысандарды аралап, жарықтың шын мәнінде халық үшін қалай қызмет етіп жатқанын көріп, бағалаймын», – деді Дархан Сатыбалды.

Әкімнің айтуынша, жарықтандырудың шебер жоспары – сәулет, қауіпсіздік пен заманауи технология тоғысқан жүйелі шешім. Бұл ретте халықаралық стандарттарға сай болу және Алматының тарихи келбетін сақтау негізгі басымдықтардың бірі. Айта кетейік, аталған жоспар «Atlas Global KZ» ком-



паниясының қатысуымен әзірленіп жатыр. Жоба барысында Мәскеу, Лондон, Лион, Сеул, Измир секілді әлемнің ірі қалаларындағы тәжірибе сараланып, Алматының ерекшеліктеріне сай бейімделу ұсынылып отыр.

Құжатта көше мен қоғамдық кеңістіктерді жарықтандыруды жүйелі тарату, сәулеттік жарықтандыруды дамыту, жарықтық ластануды азайту, сыртқы жарықтандыруды «ақылды қала» жүйесіне біріктіру, сондай-ақ түнгі уақытта, әсіресе, әйелдер, балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса назар аудару көзделген.

Жоспарға сай, 2025 жылдың соңына дейін Алматының барлық көшесі толық жарықтандырылады. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, қала өмірінің кешкі тынысын жандандыруға – туризмді дамытуға, дәмханалар мен дүкендердің, шағын бизнестің өркендеуіне жол ашады.

Кеңес соңында қала әкімі Энергетика және сумен жабдықтау басқармасына және «Алматы Қала Жарық» мекемесіне шебер жоспардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды және қолданыстағы нормативтік құжаттарға қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізуді тапсырды.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



AQSHAMY_KZ



AQSHAM_NEWS



AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz



01 745178 614887



АЛМАТЫДА БАСТАУ АЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРОЦЕСС

Авазада қандай нәтижеге қол жеткізді?



шы болуы, стратегиялық тұрғыдан алғанда, Орталық Азиядағы көпжақты дипломатияның жарқын көрінісі ретінде ұсынды.

Аваза бағдарламасы теңізге тікелей шыға алмайтын елдердің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуді көздеп отыр. Теңізге шыға алмайтын елдердің тұрақты дамуына арналған онжылдық (2024-2034 ж.ж.) стратегиясының мақсаты айқын. Ол және жаһандық сауда-экономикалық жүйеде ерекше географиялық жағдайға ие елдердің мүддесін көздейтін бірегей жоба. Түрікменстанда қол қойылған бағдарламаның ерекшелігі тек инфрақұрылымдық мәселелерді ғана емес, саяси және институционалдық ұзақ мерзімді бірлескен жобаларды жүзеге асыруды мақсат етіп отыр. Себебі, жаһандық сауда жүйесінің цифрлануы, логистикалық сауда бағыттарының ЖИ құралдарымен басқарылуы ерекше географиялық ортада орналасқан елдер үшін үлкен мүмкіндік әрі сын болып отыр.

ҚАЗАҚСТАН АВАЗА ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫН ТОЛЫҚ ҚОЛДАЙДЫ

Аймақтағы шектеулі байланыс қазіргі таңда теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Транзит пен сауда шығындарының жоғары болуы, геосаяси күтілмеген өзгерістер аталмыш мемлекеттерге бірқатар экономикалық қиындықтар тудыруда. Түрлі қақтығыстар, экономикалық санкциялар, логистика тізбегінің бұзылуы, жаһандық деңгейде мемлекеттер арасындағы сенімсіздіктің артуы теңізге тікелей шыға алмайтын елдердің халықаралық интеграциясын күрделендіре түсті. Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы мемлекеттерді жаһандық мәселелерді шешуге атсалысатын тең құқылы әрі келешегі зор серіктестер ретінде қарастыруы қажет екендігі айқын сезілуде.

Авазада өткен, жаһандық конференциядан түйгеніміз, дәл қазір теңізге шыға алмайтын елдер үшін ортақ экономикалық

мүддесін қамтамасыз ету үшін аймақтық интеграцияның маңызы өте зор. Біріншіден, теңізге тікелей шыға алмайтын елдер жаһандық сауда тізбегінің бір бөлігіне айнала білу қабілеті стратегиялық тұрғыда өте маңызды. Екіншіден, халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи инфрақұрылым. Үшіншіден, кеден аймақтарын цифрландыру, нормативтік құқықтық базаларды жаһандық сауда айналымы жүйесімен үндестіру. Логистикалық және сауда кедергілерін барынша төмендету. Нәтижесінде теңізге тікелей шыға алмайтын елдер ұзақ мерзімге өзінің тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз ете алады.

Теңізгі тікелей шыға алмайтын елдердің тағы бір ортақ тұсы – шикізат экспортына тәуелділігі. Әлемдегі, теңізге тікелей шығуға мүмкіндігі жоқ, 32 елдің 80 пайызының сауда экспорты шикізат жеткізуге тәуелді. Аталмыш елдерге жаһандық сауда торабына сәтті кіруге жол бастайтын маңызды қадамдардың бірі экономиканы әртараптандыру болып отыр. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, инновациялық технологияларды сауда логистика саласына сәтті кіріктіру, әртараптандырылған экономикалық бағытта назарға алу бүгінде барлық теңізге тікелей шыға алмайтын елдер үшін стратегиялық маңызға ие.

Қорыта келе, теңізге тікелей шыға алмайтын елдер тек экономикалық емес, жаһандық саяси-әлеуметтік бастамалардың да алдыңғы шебінде болып, көпжақты дипломатиялық бастамаларда белсенді болу қажет екендігін көреміз. Авазада өткен кездесу соны тіпті де айқындай түсті.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АВАЗАДАҒЫ БҰҰ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Қазақстан үшін несімен маңызды?

Жомарт Тоқаев Авазадағы жиында сөйлеген сөзінде атап өтті:

«Жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұңғыш рет шығарды. Бүгін біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазада бас қосып отырмыз», – деді Мемлекет басшысы.

Алғашқы конференцияны өткізуде бұрынғы Бас хатшы Кофи Аннанның еңбегін атап өткен жөн. Ол 1996–2006 жылдары Бас хатшы қызметін атқарып, теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттердің бас қосуына түрткі болды.

Екіншіден, теңізге шығар жолы жоқ мемлекет ретінде БҰҰ-ның Қазақстанға қолдау көрсетуі өте маңызды. Себебі, әлемдік сауданың басым бөлігі (80%-н астам) теңіз жолына тиесілі. Сондықтан елдің географиялық орналасуы экономикалық дамуға әсер етеді. Мұндай конференциялар теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттердің БҰҰ деңгейінде мүддесін қорғауына мүмкіндік береді. Бұл қосымша инвестиция көзі болып саналады.

Үшіншіден, теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттерге геосаяси текетірес, қаржы-экономикалық және экологиялық қауіп-қатерлер қысымы анық байқалады. Сондықтан БҰҰ Бас Ассамблеясы жұмысы аясында 32 мемлекет өз мәселелеріне бірлесе отырып өзге елдердің назарын аудартуға мүмкіндік алады.

ВЕНА ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАНДАЙ?

Түрікменстанда өткен конференция қорытындысы бойынша Аваза іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат 2024-2034 жылдарға арналған. Осыған дейін Вена іс-қимыл бағдарламасы болған. Ол 2014 жылы Вена қаласында қабылданып, 2024 жылға дейін әрекет етті.

Вена іс-қимыл бағдарламасының қорытындысы қандай болды? БҰҰ Бас хатшысы 2022 жылы 4 сәуірде бағдарламаны жүзеге асыру бойынша баяндама жасаған еді. Баяндамада бағдарламаны жүзеге асыруға жаһандық экономикалық факторлар кедергі болғаны айтылады. Оларға баяу өсім, инфляция, энергия тасымалдауыштар мен азық-түлік бағасының өсуі, транзит жолдарындағы кедергілер кіреді. Аталмыш факторлардың бәрі теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсер еткен. Сондай-ақ, экономикалық өсімге Украинадағы қақтығыстың кері әсері тиді делінген.

Бұдан бөлек, баяндамада жоғарыда аталған экономикалық факторлар кедейлік, жұмыссыздық, климаттың өзгеруі секілді мәселелермен күресте кең ауқымды әрекет етуге мүмкіндік бермегені айтылады.

Вена іс-қимыл бағдарламасына қол қойған мемлекеттер өздеріне жауапкершілік те алған. Баяндамада осы міндеткерліктерді әр мемлекеттің қалай орындап жатқаны да көрсетілген. Мысалы, 2022 жылғы жағдай бойынша сауда рәсімдерін жеңілдету міндеткерлігін Солтүстік Македония 97,5%-ға орындаған. Ал Қазақстан 44,5%, Тәжікстан 55,9%, Қырғызстан 16,4% орындаған. Өз-

бекстан тізімде көрсетілмеген. Қазақстанның көрсеткіші соңғы 3 жылда өзгергені сөзсіз. Себебі, экономикалық реформа қолға алынған.

Теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттер Вена бағдарламасын толық орындау үшін БҰҰ-нан көбіне техникалық көмек сұраған. Олардың ішінде адами ресурс және білім беру, заңнамалық консультация, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қолжетімділік бар. Әзірге Аваза іс-қимыл бағдарламасының мәтіні жарияланбады. Онда алдағы 10 жылға арналған бағыттар айқындалғаны сөзсіз.

Қорытындылай келе теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттерге арналған БҰҰ конференциясы Қазақстан үшін қаншалықты маңызды екеніне көзіміз жетті. Еліміз алғашқы конференция өткен. Сондай-ақ, конференция бағдарламаларын орындауға талпыныс бар екенін көрдік. Аваза бағдарламасының алғашқы нәтижесін 5 жылдан кейін көруге болады. Бірақ географиялық фактор біздің кемшілігіміз болмауы тиіс. Себебі, саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды сәтті жүзеге асырсақ, теңізге шыға алмауымыз экономикалық өсімге кедергі бола алмайды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Әлемде теңізге тікелей шығар жолы жоқ елдерде жарты миллиардтан астам халық тұрады. Аталған елдердің географиялық орналасу ерекшелігі ғана емес, экономикалық дамуы мен сауда-логистикалық байланыстары да ұқсас. Жиырма екі жыл бұрын алғаш рет Алматы қаласында бастау алған бұл процесс екінші рет Венада жалғасын тапса, биыл Түрікменстанда өтті. Конференция аясында Аваза іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Осыған орай БҰҰ конференциясы шеңберінде қол жеткізілген келісімдердің мәні мен мазмұнын талдап көрелік.

- Климаттың өзгеруі, цифровизация және логистика мәселелері теңізге тікелей шыға алмайтын елдер үшін басты мәселеге айналған;
- Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы өтетін тауар айналымының 85%-ы Қазақстан арқылы өтеді;
- Геосаяси өзгерістер қарсаңында теңізге тікелей шыға алмайтын елдер үшін ортақ жобалардың маңызы артып отыр.

АВАЗА ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

БҰҰ аясында теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған үшінші конференцияның биыл Түрікменстанда өтуінің өзіндік мәні бар. Біріншіден, геосаяси өзгерістер қарсаңында теңізге тікелей шыға алмайтын елдердің сауда-логистикалық мәселелерін Орталық Азияда талқылау – әлем назарын Азия мен Еуропаны байланыстырып тұрған өңірге аударуда. Екіншіден, ұзақ жылдар бойы дипломатиялық бейтараптықты ұстанып келген Түрікменстанның мұндай маңызды шараға бастама-

АЛМАТЫДАН АВАЗАҒА ДЕЙІН...

Біріншіден, конференцияның шығу тарихы Қазақстанмен тікелей байланысты. Себебі, алғашқы жиын 2003 жылы 28-29 тамызда Алматы қаласында өткен. Конференция қорытындысы бойынша Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама 2014 жылға дейінгі ұзақ мерзімге арналған іс-қимыл бағыттарын айқындады. Осылайша еліміздің тарихи рөлі ресми құжатпен бекітілген.

Қазақстанның конференцияны өткізудегі тарихи рөлі жайлы Президент Қасым-



Медиасауаттылық қағидаты:

Жер-жаһан дауыл алдын-дағы тыныштық кезеңінде демін ішіне тартып отыр. Әлемнің әр бұрышын-дағы қақтығыстарда қарудан бұрын ақпарат маңызды екенін білдік, қалыптасқан қағидалар бұзылып, жаңа тәртіп орнай бастағанын көрдік. Демек, аумақтық тұтастықты, егемендікті сақтап, тұрақты даму жолын таңдаған әр мемлекет үшін ақпараттық саясат – ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі, тіпті, жетекші бағыты.

Медиакеңістік: атқарар шаруа қыруар

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты – геосаяси тепе-теңдікті сақтай отырып, ұлттық мүддені тиімді қорғаудың кешенді моделі. Ол халықаралық аренада дербес шешім қабылдау құқығын сақтауға, түрлі бағыттағы серіктестікті теңгерімді дамытуға, геоэкономикалық тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Бұл саясат ХХІ ғасырдың турбулентті кезеңінде Қазақстан үшін стратегиялық тұрақтылықтың кепілі ретінде бағаланады. Алайда, оның табысты жүзеге асуы нақты институционалдық тетіктерге, ақпараттық егемендікке және серіктес мемлекеттердің өзара құрметке негізделген әрекетіне тікелей тәуелді.

Ақпараттық саясаттың ақсаңдауынан аз зардап шегіп келе жатқан жоқпыз. Көпвекторлы ұстанымға, түркі елдерімен интеграцияға, өзге де саяси шешімдерге қатысты көршілер тарапынан жүйелі түрде түрлі деңгейдегі саяси фигуралардың «өкпе-ренішін» естіп жатамыз. Қазақстанның елдік имиджі мен саяси беделіне әсер ететін кез келген пікір жіті қаралады деп сенсек, онда біз үшін ақпараттық саясатта атқаратын қыруар шаруа бар.

Екі елдің ынтымақтастығы, одақтық қатынасы, серіктестік сипатындағы өзара қатысымы Ресейдің Украинада арнайы әскери операциясын бастағаннан кейін сын тезіне түсті. Ресейдің әрекетін «оккупация» деп таныған елдер оның серіктестері мен көршілеріне де айрықша күдікпен қарап отыр. Дәл осы кезеңде ақпарат алаңының да маңызы артты. Қазақстандағы ресейлік БАҚ ықпалының аудиториялық және медиаметриялық сипаттары соңғы жылдары стратегиялық зерттеулер мен ақпараттық қауіпсіздік дискурсындағы маңызды нысанға айналды. Ресейлік ақпарат құралдарының ықпалы тек мазмұндық емес, таралым арналары, тұтыну жиілігі мен жарнама нарығындағы үлесі арқылы да бағаланады.

Цифрлық дәуірде ақпарат мемлекеттің стратегиялық ресурсына айналып отыр. Қазіргі таңда ақпараттық саясат ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тұрақтылықтың және халықаралық беделдің шешуші компонентіне айналған. Бұл жағдай, әсіресе, көпвекторлы сыртқы саясат жүргізіп отырған, этникалық және мәдени әралуандылықпен ерекшеленетін Қазақстан сияқты мемлекеттер үшін аса өзекті. Қазақстанның ақпараттық кеңістігі ішкі факторлармен қатар, сыртқы ықпалға, белгілі бір деңгейде тәуелділігі бар аймақтық ерекшелікке ие күрделі жүйе ретінде сипатталады.

Стратегиялық күштің маңызды компоненті

Ресей – посткеңестік кеңістіктегі ең ықпалды ақпарат таратушы елдердің

АҚПАРАТ және АҚИҚАТ

Сапалы ұлттық медиаконтент пен стратегиялық коммуникацияны күшейту – маңызды бағдар



(Сурет: ЖИ.)

бірі. Оның медиасаясаты ұлттың ішкі тұтастығын сақтау, сыртқы саяси мүддені ілгерілету және «орыс әлемі» концепциясы арқылы ықпал ету геостратегиясына негізделеді. 2025 жылғы мәлімет бойынша, Ресейде 92 мыңнан астам тіркелген бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Осы БАҚ-тың шамамен, 70 пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Ресей Федерациясының Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша, 2025 жылғы мемлекеттік бюджеттегі ақпараттық саясат пен мемлекеттік медианы қаржыландыруға арналған шығындар шамамен 139 миллиард рубльді құрады.

Бұл қаражат негізінен, «Россия Сегодня», «ВГТРК», «Первый канал» және «RT» сияқты ірі медиахолдингтерге бағытталған. Аталған құрылымдар шетелдік аудиторияны қамтитын мульти-медиалық контентті де өндіруге маманданған. Осылайша Ресейдің ақпараттық саясаты сыртқы идеологиялық ықпал тетігіне айналған.

Көршіміздің ақпараттық кеңістігі шартты түрде үш құрылымдық деңгейге бөлінеді: мемлекеттік медиа ұйымдары, ірі коммерциялық медиахолдингтер және сараптамалық ақпараттық ресурстар. Бірақ аталған үш деңгейдің де өкілдерінің басым көпшілігі дерлік ақпараттық ағынның бағытын Кремльдің стратегиялық мақсаттарына сай бейімдеуге негізделген. Мемлекеттік медиалар қатарына «Россия-1», «Первый канал», «Россия-24», РИА Новости сияқты негізгі федералдық арналар кіреді. Бұл ресурстар «биліктік риторика» деп аталатын саяси-патерналистік дискурсты жүзеге асырады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2025 жылғы жағдай бойынша Қазақстанда 4843 БАҚ тіркелген, оның ішінде 2989 баспасөз басылымы, 235 телеарна, 97 радио, 1219 интернет платформасы саналады. ҚР МАМ Ақпарат комитетінің дерегінше, мемлекеттік медиа саны – 528. Тіркелген БАҚ-тың басым көпшілігі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға арналған тапсырысты орындайды. 2025 жылы мемлекеттік саясатты насихаттауға, қоғамдық дамуды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік тапсырыс үшін бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі – тиісті ведомство

мәліметінше 66 миллиард теңге. Бұған дәл осы мақсатты жергілікті атқарушы органдардың бюджетінен жұмсалатын қаржыны қоссақ, 70 миллиард теңгені төңіректейтін сома шығады.

Қазіргі халықаралық қатынастарда ақпараттық ықпал стратегиялық күштің маңызды компонентіне айналған. Қазақстанның Ресеймен тығыз тарихи, мәдени және ақпараттық байланысын ескерсек, ресейлік медиажүйенің құрылымы мен мазмұндық риторикасын зерттеу, тұрақты талдау жүргізу, бақылау – Қазақстанның ақпараттық егемендігін қорғаудың, медиасаясаттағы бағыт-бағдарын айқындаудың негізі болып есептеледі.

Саяси және ақпараттық вертикаль

Ресей медиакеңістігінің негізгі ерекшелігі – саяси вертикальдің ақпараттық вертикальмен ұштасуы. Яғни ақпарат тарату жүйесі саяси билікке қызмет етеді және қоғамдық пікірді стратегиялық мақсаттарға сәйкес бағыттайды. Бұл үрдіс, әсіресе, 2014 жылғы саяси жағдайлардан кейін күшейе түсті. Ресейдің ақпараттық доктринасы 2016 жылы бекітілген «Ақпараттық қауіпсіздік доктринасында» айқын сипатталды. Онда Ресейге қарсы «ақпараттық агрессия» қаупі туралы айтылып, ішкі аудиторияны мобилизациялау және сыртқы аудиторияға ықпал ету басты міндет ретінде белгіленді. Осы құжатта «ақпараттық егемендік» ұғымы енгізілді, ол ел ішіндегі ақпараттың мазмұны мен таралуын бақылау құқығын заңдастырудың идеологиялық негізі.

Медиасаяси контекст тұрғысынан алғанда, Ресейде ақпарат құралы – саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің және ұлттық консолидацияны сақтаудың тетігі ретінде қарастырылады. Оппозициялық пікірлер мен баламалы көзқарастар жиі сынға ұшырайды немесе «шетелдік агент» ретінде дискредитацияланады. 2025 жылы Ресей Global Expression Report халықаралық сөз еркіндігі рейтингінде 161 елдің ішінде 151-орын алды. Ал Қазақстан 121-орынға тұрақтаған.

Ақпараттық құралдар Ресейдің сыртқы саяси мүдделерін алға жылжытуда да басты рөл атқарады. Ресейлік медиа-кеңістік шетел мемлекеттері туралы ақпаратты жариялағанда оларды көбіне

геосаяси тұрғыда қарастырады. Яғни елдің ішкі саясаты немесе реформалары емес, Кремльге қатысты ұстанымы басты фактор ретінде көрсетіледі. Бұл тәсіл Қазақстанға қатысты да жиі қолданылады. Қазақстанның Батыспен қарым-қатынасындағы белсенділігі, Түркі әлемі ұйымындағы рөлі немесе Қытаймен экономикалық байланысы ресейлік медиада көбіне «сатқындық» тұрғысында бағаланады. Мұндай дискурс ақпараттық қысым жасау арқылы серіктес мемлекеттерді стратегиялық ұстанымдарын қайта қарауға итермелеуге бағытталған.

Ресейлік ақпараттық стратегияда тағы бір маңызды элемент – нарративтік үстемдік. Ақпарат тек мәлімет ретінде емес, белгілі бір мағына мен баға беру формасында ұсынылады. Бұл тәсілге тән ерекшелік – тарихи аналогиялар мен идеологиялық жүктелген ұғымдарды пайдалану. Мысалы, Қазақстанға қатысты «біртұтас тарихи кеңістік», «посткеңестік интеграция» сияқты ұғымдар жиі қайталанады.

Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бағыты

Цифрлық медиа кеңістікте Telegram, YouTube, VK секілді платформалар арқылы таралатын контент ресейлік ықпалдың жаңа формаларына айналған. Мысалы, бірқатар Telegram арналарында Қазақстанға қатысты контент үнемі жағымсыз реңкте беріледі. Бұл дәстүрлі медиа форматы емес, бірақ оның ықпалы кең әрі бейресми сипатта тарайды. Осы орайда Қазақстан үшін медиасауаттылықты арттыру, сапалы ұлттық медиаконтентті көбейту және стратегиялық коммуникацияны күшейту аса өзекті.

Жалпы алғанда, Ресей ақпарат кеңістігінің құрылымы – саяси биліктің идеологиялық жалғасы ретінде қызмет етеді. Бұл жүйе сыртқы серіктестермен қарым-қатынастағы теңқұқықтылық қағидатын бұзатын, ақпараттық үстемдік арқылы ықпал етуге негізделген күрделі медиасаяси механизм іспетті. Қазақстан үшін бұл жағдай ақпараттық әртараптандыру, ішкі медиареформаларды тереңдету және коммуникациялық инфрақұрылымды күшейту секілді шараларды жеделдетуді талап етеді.

Қазақстандағы ақпараттық қауіптер тек сыртқы әсермен шектелмейді. Олар ішкі құрылымдық, институционалдық, мәдени факторлармен де байланысты. Мысалы, ақпарат қабылдау және саралау мәдениетінің төмендігі, медиасауаттылықтың жеткіліксіздігі, сараптамалық журналистиканың дамымауы және мемлекеттің ресми жарияланымдарының кешігуі сияқты мәселелер жалған ақпараттың, стереотиптік дискурстың, эмоционалды манипуляцияның белең алуына әкеледі. Бұл өз кезегінде қоғамдық пікірдің поляризациясына, билікке деген сенімнің төмендеуіне және ұлттық ақпараттық иммунитетінің әлсіреуіне әсер етеді.

Демек, бүгінгі күні ақпараттық саясат – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бағыты. Ақпараттық қалқанды күшейту, ақпараттық сүзгі жүйесін дамыту, ақпараттық шабуылдарға проактивті/реактивті жауап беру – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым алғышарттары.

Әділет МӘДЕНИЕТ, сарапшы.



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен алқалы жиында электрондық сауданың қазіргі жай-күйі мен оның дамыту бағыттары талқыланды. Басқосуда Алматыны Қазақстан мен Орталық Азиядағы электрондық коммерцияның басты орталығы ретінде рөлін нығайту мәселесіне баса назар аударылды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Алматыдағы электрондық сауда көлемі 5,3 трлн. теңге болған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, 42% жоғары. Оның ішінде 3 трлн. теңгесі тауарлардың бөлшек саудасына, 2,3 трлн. теңге онлайн қызмет көрсетуге тиесілі. Осылайша Алматының республика бойынша онлайн саудадағы үлесі 90%-дан асып отыр.

Алматыда 1500-ден астам белсенді электрондық коммерция субъектісі жұмыс істейді, бұл ел аумағында тіркелгендердің шамамен, жартысы. Негізгі бағыттарға күнделікті тұтынатын тауарлар, техника, киім-кешек, косметика, сондай-ақ, жеткізу, көлік және брондау салаларындағы қызметтер жатады.

Маңызды бағыттардың бірі – логистика және қойма инфрақұрылымын дамыту. Қалада электрондық саудаға бейімделген тарату орталықтары іске қосылып, ірі логистикалық нысандардың құрылысы қарқын алып келеді. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына, онлайн тапсырыс қабылдау мен жеткізу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында қала базарларды жаңғырту электрондық сауда жүйесінің қосымша элементі ретінде қаралды. Алматыдағы 59 базардың 41-і жаңартудан өткен. Бұл нысандарда цифрлық сауда жүйесі енгізіліп, тұрақты интернет желісі тартылып, сақтау, логистика және қолма-қол ақшасыз төлем аймақтары жүйеленіп келеді. 10 мыңнан астам сатушы дәстүрлі сауда тәсілін онлайн форматпен сәтті ұштастырып отыр.

САНДЫҚ СЕРПІЛІС:

Алматының электрондық саудадағы үлесі артты



Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті қолдау шаралары талқыланды. Шаһарда цифрлық дағдыны дамыту, халықаралық платформалармен жұмыс істеуді үйрету және онлайн арналар арқылы шикізаттық емес өнімді экспорттауға бағытталған білім және кеңес беру бағдарламалары жүзеге асырылып отыр.

Кеңес соңында қала басшысы Дархан Сатыбалды

инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды жеделдетуді, цифрландыру ісін кеңейтуді және онлайн платформалармен серіктестікті күшейтуді тапсырды. Жоспарға сай, 2025 жылдың соңына қарай Алматыдағы электрондық бөлшек сауда көлемі 3,5 трлн. теңгеге жетіп, ал 2030 жылға қарай бөлшек сауда айналымындағы электрондық сауданың үлесі 50%-дан кем болмайды деген үміт бар.

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАТОРЛАРҒА АРТЫЛАТЫН СЕНІМ – диалог пен бейбітшілік тірегі

Республикалық Достық үйінде медиация күніне арналған «Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстандағы медиацияны дамытудағы рөлі» атты халықаралық «Дөңгелек үстел» өтті.



Дана
САДЫРҚАН

Іс-шараны ұйымдастырушы – «Халықаралық құқық қорғау орталығы» РҚБ басшысы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Алматы ҚХА этномедиация Кеңесінің Төрағасы, Еуразиялық медиаторлар одағының тең құрылтайшысы, Орталық Азия медиаторлары консорциумы төрағасының орынбасары, Түркі әлемі медиаторлар қауымдастығының вице-президенті Жанділда Жақыпов.

Жиынға Әзербайжан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан медиаторлары, Алматы қаласы Мәслихатының депутаттары мен Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері қатысты. «Бүгінгі жиынға қатысып отырған сарапшылардың қызығушылығы мен тәжірибесі аса өзекті. Себебі, медиация – қоғамдық келісімнің айқын құралы, сыйластық пен ымыралық шешімдерге бағытталған мәдениет. Сондықтан медиация кеңістігін дамыту азаматтық қоғамды қолдау мен мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып саналады. Бұл істі халықпен бірге абыроймен атқарып келе жатырмыз. Медиаторларға артылатын сенім диалог пен бейбітшіліктің тірегі екеніне сеніміміз мол», – деді Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Елдар Сапаров.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жанділда ЖАҚЫПОВ,
Алматы қаласы Этномедиация кеңесінің төрағасы,
«Халықаралық құқық қорғау орталығы» РҚБ президенті:


ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ БОЛДЫРМАУҒА ТЫРЫСАМЫЗ

Еліміздің «Медиация туралы» Заңы 2011 жылдың 5 тамызында қабылданды. Қазақстан халқы Ассамблеясы Достық үйлерінде медиатор бөлмелерін ашып, халыққа сотқа қарағанда медиацияның тиімді жол екенін, дауды дауласушы азаматтардың өздері шешуге болатынын ұғындырып жатыр. 2019 жылы этномедиация саласына арналған келіссөз ұйымдастырылды. Негізінен, этномедиация саласы Қазақстан халқы Ассамблеясының арқасында дамып келеді. Мәселен, қырғыз елінде әлі күнге дейін тәжіктермен қақтығыстар кездеседі. Ал Қазақстанда мұндай қақтығыстарды болдырмау мақсатында Ассамблеямыз ерен еңбек етуде. Әрине, бізде де кейбір даулар нақты айқындалмай, ашық көрсетілмей жүргізіледі. Бірақ Қордай оқиғасындағыдай дау болмайтынына сенімдіміз.

БРИФИНГ

Алматы – Түркі әлеміндегі жастар қаласы

Алматы еліміздегі жастар орталығы болып қала бермек. Қазірдің өзінде қалада 11 комьюнити-орталық жұмыс істесе, жылдың соңына дейін осындай орталықтың тағы бесеуін ашпақшы. Тамыздың 3-і мен 12-сі аралығында шаһардың барлық ауданында ALMA LOVE деп аталатын үлкен фестиваль өтіп жатыр. Енді Президенттің бастамасымен 18 тамыздан бастап Алматы ресми түрде түркі әлеміндегі жастар орталығы болып та бекітілді. Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен пресс-конференцияда Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек осылай деді.



Алматыда тұратындардың 712 мыңы – жастар екен. Бұл – қала тұрғындарының үштен бірі деген сөз. Шаһардағы саясаттың өзі осыған сеп болып жатыр. Соңғы жылдары Алматы жастар саясатына көп көңіл бөліп, жастар қай салада болсын өзін еркін сезінетіндей етіп, барынша жағдай жасап жатыр.

Қазірдің өзінде қалада 11 комьюнити-орталық жұмыс істесе, жылдың соңына дейін осындай орталықтың тағы бесеуін ашқалы отыр. Бұлар жастардың өсіп-өнуіне мүмкіндік беретін, кеңесетін, пікір алмасатын, шығармашылығын шыңдайтын, IT-тренингтен өтіп, тіл үйренетін алаң. Бұл орталықтар жасөспірімдерден бастап жас аналарды, NEET санатындағы жастар мен болашақ кәсіпкерлерді қамтыған. Жарты жылдың ішінде осы орталықтарда мыңнан астам іс-шара болып өтіп, 100 мыңнан астам адам қатысыпты оған.

Тамыз айы Алматының жастар саясатындағы бетбұрысқа толы уақыт болды. Тамыздың 3-і мен 12-сі аралығында қалада Бүкәлілемдік жастар күніне орайластырылған жастардың ALMA LOVE дейтін үлкен фестивалі өтіп жатыр. Қаланың 8 ауданын қамтитын фестиваль он күн бойы өтіп, онда әртүрлі концерттер, квестер мен интеллектуалдардың баттлы ұйымдастырылады. 12 тамыз күні ашық аспан астында концерт қояды. Мұнда жастар танымал әртістер-

мен бір сахнада өнер көрсетіп, көш бастап, ерікті болып қызмет еткен еңбегі үшін марапатталады. Соңына таман көрермендер «Алматы – менің алғашқы махаббатым» дейтін жағы жарық шоу-ды тамашалайды.

Екінші маңызды күн – 18 тамыз. Осы күні Алматы ресми түрде Түркі әлемінің Жастар астанасы мәртебесіне ие болады. Түркі мемлекеттері ұйымының шешімімен берілген бұл атақ – қаланың жастар саясаты саласындағы жүйелі әрі ауқымды жұмысын мойындағаны. Салтанатты рәсім аясында түркі әлемі елдерінің жастар делегациялары қатысатын үлкен мәдени фестиваль өтеді. Қонақтар концертті тамашалап, VR-күйді тыңдап, этно-баттлдарды, стартап-аймақтарды, интерактивті алаңдарды көріп, шеберлік сабағына қатысады. Іс-шараның ең қызықты сәтінде – Алматыны жастар ынтымақтастығы мен идеяның орталығы деп танитын символикалық кілт табыс етеді.

Бұл қаланы жаңа жобаларға ынталандыратын платформа, халықаралық байланыстарды нығайтып, мәдениет алмасуды кеңейте түсетін зор мүмкіндік. Жастарды саясатқа араластырмай-ақ, солардың күшімен қаланы көркейтіп, креативті кеңістік құруға болатынын Алматы іс жүзінде дәлелдеді.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ



КӨРМЕ

2025 жылдың 7–9 тамызы аралығында Алматы қаласында II Халықаралық HomeTech & Electra 2025 көрмесі өтуде. Бұл – электроника, цифрлық технологиялар және тұрмыстық техника саласындағы жетекші өндірушілер мен дистрибьюторлардың, инновациялық стартаптар мен заманауи гаджет жасаушылардың бір алаңда тоғысатын маңызды көрмесі.

ИННОВАЦИЯ ОРДАСЫ

Алматыда технологиялар тамырына қан жүгірді

Ернұр
РЫСБАЙ



HomeTech & Electra 2025 көрмесінде кең ауқымды тауарлар ұсынылады. Ірі және шағын тұрмыстық техника, «ақылды үй» жүйелері, киілетін гаджеттер, электромобильдер, жарықтандыру және климаттық шешімдер, робототехника мен цифрлық өндіріс құрылғылары, мультимедиа және энергия үнемдейтін технологиялар. Іс-шараға 10-нан астам елден 500-ден аса компания қатысуда.

Ұйымдастырушылар биылғы маусымда көрменің географиясын кеңейтіп, іскерлік және білім беру мазмұнын күшейткен. Көрме директоры әрі World Silk Way компаниясының тең құрылтайшысы Эльмира Маркабаеваның айтуынша, HomeTech & Electra көрмесі өңірдің инновациялық қауымдастығы үшін даму мен синергия алаңына айналмақ.

Ұйымдастырушылар көрмені 10 000-нан аса маман тамашалайды деп болжап отыр. Олардың қатарында сатып алушылар, сауда желілері, технопарктер мен стартаптардың өкілдері бар. Байерлерге арналған арнайы лоялдық бағдарлама да қарастырылған. Көрмеге трансфер, қонақүй жеңілдіктері, аудармашы қызметі, B2B-сессиялар мен бонустар ұсынылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС

EuroSkills Herning 2025:

ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Алматы құрылыс-техникалық колледжінің базасында EuroSkills Herning 2025 халықаралық чемпионатына WorldSkills құзыреттері бойынша Қазақстанның Ұлттық құрамасына арналған психологиялық дайындық жұмыстары өткізіліп жатыр.



Дана
САДЫРҚАН

Іс-шараға Ұлттық құраманың 50 өкілі қатысып, бір бөлігі Еуропаның ең беделді кәсіби чемпионаттарының бірі – EuroSkills Herning 2025 байқауында ел намысын қорғайтын болады.

Психологиялық дайындықты жуырда ЮНЕСКО клубтарының Ұлттық Федерациясының ресми клубы мәртебесін алған «Жаңа Ұрпақ» білім беру қозғалысы ұйымдастыруда. Жоба 10 жыл ішінде Қазақстан мен өзге елдердің 17 000-нан астам жасын қамтып, олардың көшбасшылық, коммуникативтік және командалық дағдыларын дамытуға үлес қосты.

«Бағдарламаның мақсаты – қатысушылардың төзімділігін арттыру, өзін-өзі реттеу, командалық өзара әрекеттесу және халықаралық жарыстарда сенімділік дағдыларын дамыту. Іс-шара аясында сертификатталған жаттықтырушылар мен психологтардың қатысуымен шеберлік сабақтары, топтық тренингтер және жеке сессиялар өткізіледі. Бұл психологиялық дайындық арқылы қатысушылардың бір-бірімен байланысы нығая түспек», – деді «Талап» ҰАО Worldskills қозғалысын дамыту бөлімінің басшысы Лаура Болатбекқызы.

Айта кетейік, 2025 жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланған еді. Демек, аталмыш дайындықтың да мақсаты – жастар арасындағы жұмысшы мамандықтардың беделін арт-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жанель САҒЫНДЫҚ,
қатысушы:

Бағдарым – қонақүй шаруашылығы құзыреттілігі. Қыркүйек айында болатын чемпионатқа дайындығымыз керемет. Шыны керек, басында немқұрайлы қарадым. Жаттықтырушымен таныс болғаныммен, дайындықтың жоғары деңгейде болатынына бастапқыда сенбеп едім. Мәселен, бізде жақында ғана 6 сағаттық тәжірибе болды, бірақ оны 4 сағатта бітірдік. Спорт залдың ортасынан екі жіп тартылып, бәріміз жіптің бергі жағында тұрдық.

Басты шарт – 50 адамның сол жіпке тимей, ортасынан өтуі. Алдағы турнирдің мақсаты – жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын көрсету деп санаймын. Бұл – менің халықаралық аренадағы екінші жарысым. 2024 жылы Францияда өткен жарыста өнер көрсеткен едім.

тыру және оларды кеңінен насихаттау. EuroSkills – Еуропадағы ең ірі жұмысшы кәсіптер чемпионаты. Ол екі жылда бір рет өткізіліп, 25 жасқа дейінгі жас мамандарды біріктіреді. Жарыс өнеркәсіптік өндіріс-

тен бастап қызмет көрсету саласына дейін 40-тан астам құзыреттілікті қамтиды. Биыл 30-дан астам елдің қатысушыларының басын біріктіретін чемпионат Данияның Хернинг қаласында өтеді.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ жаңа мүмкіндіктерге жол ашады



Дана
САДЫРҚАН

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Алматы қаласы білім басқармасының қолдауымен «Алматы көпсалалы колледжі» КМҚК «Шетелдік тәжірибе: инновациялар және жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді. Шараға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері, халықаралық тағылымдамаларға қатысқан директорлардың оқу, оқу-әдістемелік және өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Жиынның мақсаты – білім алмасу және шетелдік тәжірибеге негізделген тиімді оқыту тәсілдерін енгізу. Қатысушылар Малайзия, Сингапур, Финляндия және АҚШ сияқты елдерде тағылымдамадан өткен заманауи педагогикалық тәжірибелерді талқылады. «Дөңгелек үстел» бағдарламасы аясында саладағы халықаралық тәжірибе, инновациялар мен кәсіби өсудегі шетелдік тағылымдамалардың рөлі, еліміздегі білім беру жүйесіне шетелдік тиімді тәжірибелерді бейімдеу тақырыптарын қамтыған баяндамалар оқылды.

Шара соңында халықаралық педагогикалық тәжірибелерді қазақстандық колледждерге тарату және ықпалдастыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты күшейту, кәсіптік білім беру саласындағы одан әрі қадамдар үшін нақты ұсыныстар әзірлеу сынды бірқатар нәтижелерге жету мақсаттарын алға қойысты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле СЕМБИЕВА,
«Алматы көпсалалы колледжі» КМҚК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

400 МАМАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТТІ

2023-2024 ж.ж Алматы қаласында 400 арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері, директорлардың орынбасарлары Германия, Франция, Қытай, Италия, Түркия секілді өзге де елдерден үш апталық халықаралық тағылымдамадан өтті. Шетелдік тағылымдаманың негізгі міндеттері – кәсіптік тұрғыда оқытылатын оқу пәндерін қазіргі заманғы жабдықтар мен жаңа технологиялар арқылы зерделеу әрі практикалық оқыту әдістерін пайдалана отырып, тиісті мамандықтар бойынша біліктілікті арттыру. Шетелдік тағалымдамадан өткен барлық педагог тиісті бағыттар бойынша Алматы қаласындағы техникалық және кәсіптік білімін өз тәжірибелерін жетілдіру барысында түрлі жобалар дайындайды.

Талғат АЙТЖАНОВ,
«Сәулет, дизайн және инженерия колледжінің» оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары:

СТАНДАРТТЫ БАҒДАРЛАМАЛАРМЕН ШЕКТЕЛЕДІ

АҚШ пен Қазақстандағы колледждерде негізгі кәсіби білім беру бағыттарының бірнеше айырмашылығы бар:

1. High School CTE бағдарламалары мектептерде (9–12-сыныптар) ерте кәсіптік бағдарлау арқылы жүргізіледі.
 2. Postsecondary бағдарламалары (техникумдар, community colleges, колледждер). Бұл бағдарламаларда студенттер техникалық және кәсіби білім алады. Community College-терде тиімді бағдарламалар ұсынылады, олар нарықтың сұранысына сәйкес әзірленеді.
 3. Apprenticeships (шәкірттік оқыту) – жұмыста оқыту бағдарламасы. Студенттер нақты жұмыс орнында тәжірибе жинақтай отырып, теориялық білім алады.
 4. Associate Degrees және Certificates (қысқа мерзімді курстар). Студенттер осы бағдарламаларды аяқтап, мамандық бойынша диплом немесе сертификат алады. Сонымен қатар, олар осы білімді жоғары оқу орнына көшу үшін пайдалана алады.
- Ал Қазақстандағы колледждерде көбінесе стандартты бағдарламалар, еңбек нарығымен шектелген байланыстар, дуальды оқыту сирек кездеседі. АҚШ жүйесі практикалық дағдыларға, икемділікке және жұмысшы мамандықтарында мансаптық өсуге бағытталған. Еліміздегі колледждер көбінесе академиялық және стандартизацияланған білім береді.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

Шаһарға жылына 1,5 млн турист келеді

Алматы – саяхатшыларға талай тосын сый ұсына алатын шаһар. Ежелгі тарихы мен заманауи бейнесінің үйлесімі бірден көзге түседі. Қала қонақжайлығымен ғана емес, табиғи көркемдігімен, кемелді инфрақұрылымымен және мәдени өмірінің қызу қарқынымен де ерекшеленеді. Бүгінде Алматыны халықаралық туристік хаб ретінде дамыту – елдік деңгейдегі маңызды мақсатқа айналып отыр.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бүгінде Алматыға жыл сайын 1,5 миллионға жуық турист келеді, әрі олардың саны жыл сайын көбею үстінде. Соңғы жылдары ел ішіндегі саяхаттаушылар саны айтарлықтай өскен. 2024 жылы Қазақстан аумағында демалған азаматтардың саны 10,5 миллионнан асып жығылды. Туризм және спорт министрлігінің дерегінше, әрбір екінші қазақстандық туған жердің табиғатын тамашалап, ішкі туризмге үлес қосқан. Сонымен бірге, елімізге 15,3 миллион шетелдік қонақ келген.

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы тоқсанындағы елімізге шетелден келген туристердің дені Ресей, Қытай, Үндістан, Түркия, АҚШ және Өзбекстан елдерінен келген. 2025 жылдың алғашқы үш айының қорытындысы бойынша, Қазақстандағы курорттық аймақтарға 883 349 адам сапар шеккен. Соның ішінде ең үлкен үлес Алматы тау кластеріне тиесілі – бұл аймаққа 637 700 адам саяхаттаған. Бұдан кейінгі орындарда Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (78 265 адам), Маңғыстау облысы (53 757), Алтай өңірі (43 152) және Түркістан аймағы (30 740) тұр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыны табиғат айрықша сыйға бөлеп, айбынды таулармен көмкерген. Сондықтан да бұл қала жылдың төрт мезгілінде де туристер үшін тартымды. Қыста – Шымбұлақта шаңғы тебуге, көктемде – Ботаникалық бақта серуендеуге, жазда – Үлкен Алматы көліне экскурсия жасауға, күзде – Медеудің таза ауасын жұтуға мүмкіндік мол. Қалаға жақын маңдағы Іле Алатауы ұлттық паркі, Көлсай мен Қайыңды көлдері, Тамғалы тас петроглифтері, Талғар шатқалы сияқты табиғи нысандар да Алматының туристік тартымдылығын арттыра түседі.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Соңғы жылдары қалада туристік инфрақұрылым айтарлықтай жақсарды. Жаңа қонақүйлер мен бутик-отельдер, жайлы хостелдер мен этно-ауылдар туристер үшін кең таңдау ұсынады. Қалада-

ғы метрополитен, қоғамдық көлік жүйесі, велосипед жолдары мен жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар да заманауи стандарттарға сай дамуда.

«Visit Almaty» туристік орталығының жұмысы да ерекше назар аударарлық. Бұл орталық шетелдік және жергілікті туристерге бағыт-бағдар беріп, қала мен аймақтағы ең көрікті орындарды таныстырады. Осы секілді мобильді қосымшалар және жол көрсеткіштер туристерге үлкен көмек болып отыр. Қала әкімдігі мен туризм саласындағы мекемелердің бірлескен жұмысының нәтижесінде Алматы бүгінде әлемдік туристік нарықта өз орнын қалыптастырып келеді. Халықаралық әуежай қайта жаңғыртылып, тікелей рейстер саны да артуда. Сонымен қатар, Алматы халықаралық туристік көрмелер мен форумдарға белсене қатысып келеді. Бұл – қала беделін арттырып, жаңа туристік байланыстар орнатуға мүмкіндік беруде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЫСҚАҚ, экономист:

МАҢЫЗДЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТОРАП

Халықаралық туристік хаб ретінде дамуы, шын мәнінде, жоғары экономикалық әлеуетке ие бағыт. Бұл пікіріме бірнеше маңызды фактор мен мүмкіндікті негіз етіп айтар едім.

Біріншіден, Алматының географиялық орналасуы – оның басты артықшылықтарының бірі. Қала Орталық Азиядағы ең ірі мегаполистердің қатарында және Қытай мен Еуропа арасындағы маңызды логистикалық торап. Тянь-Шань тауының етегінде орналасқан бұл шаһардың табиғи жағдайы тау туризмі, экотуризм, спорттық туризм секілді бағыттардың дамуына кеңінен жол ашады. Екіншіден, қала инфрақұрылымының дамуы да айрықша назар аударарлық. Алматыда қонақүйлер желісі, қоғамдық көлік жүйесі, халықаралық әуежай, сапалы жолдар мен қызмет көрсету орындары жақсы дамыған.

Келесі маңызды қыры – туризмнің экономикалық тиімділігі. Туризм – экспорттық табыс көзі болып табылады. Бұл саладағы қызмет көрсету экспорты, айталық, қонақүй, қоғамдық тамақтану, көлік, гид қызметі, мәдени шаралар елдің ішкі жалпы өніміндегі үлесті арттырады. Сонымен қатар, шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік тудырады. Бұл, әсіресе, жастар мен әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге оң әсер етеді.

Соңғысы – халықаралық байланыстар. Туризм арқылы Қазақстанның әлемдік аренадағы танымалдығы артып, ел имиджі қалыптасады. Шетелдік туристермен қарым-қатынас, мәдени алмасу, іскерлік байланыстарды нығайту да осы саланың дамуына тікелей байланысты. Міне, осы негізде Алматыны табиғаты, тарихи мұрасы, заманауи инфрақұрылымы мен экономикалық әлеуеті арқылы халықаралық туристік хаб ретінде көре аламыз.

АЛМАТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ

әлемдік деңгейдегі әуе хабына айналады

Алматы халықаралық әуежайын басқарушы компания 2050 жылға дейінгі инвестициялық жобасын таныстырды.



Досбол
АТАЖАН

2021 жылы Алматы әуежайының 85 пайыз акциясын Түркияның TAV Airports компаниясы сатып алған болатын. Ал былтыр әуе айлағын басқарып отырған компания жаңа халықаралық терминалдың құрылысын аяқтап, іске қосты. Алматының әуежайы дамуы мұнымен тоқтамақ емес. Алдағы 25 жылда қала үшін өте маңызды нысанға бірқатар инвестиция құйылатын болады. Осы тақырыптағы іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов пен Алматы халықаралық әуежайының президенті Гокер Косе, сондай-ақ әуе компаниялары, салалық мекемелер, бизнес құрылымдар, қоғамдық ұйымдар мен авиация ардагерлері қатысты.

– Бүгінде Алматы халықаралық әуежайы Қазақстанның халықаралық жолаушылар ағынының жартысынан көбін қамтамасыз етіп отыр. Бұл әуежай Еуропа мен Азияны байланыстыратын Еуразия құрлығындағы көлік жүйесінің маңызды бөлігі. Біз алдымызға үлкен мақсат қойып отырмыз. Ол – Алматы халықаралық әуежайын әлемдік деңгейдегі авиациялық хабқа ай-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

налдыру. Бұл – өңірдегі ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі. Әкімшілік бұл жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде жан-жақты қолдау көрсететін болады, – деді Олжас Смағұлов.

Ал әуежай президенті Гокер Косенің айтуынша, 2050 жылға дейін әуежайды дамытуға арналған кешенді бас жоспар 5 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 2025 жылы басталып, 2028 жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Бірінші кезеңде 362 миллион АҚШ долла-

ры инвестиция салынып, шамамен, 130 жоба жүзеге асырылады. Жоба тек әуежайдың меншікті қаражаты, банк несиелері және жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылады.

– Бұл – Орталық Азияда ең сұранысқа ие әуежай. 2025 жылы біз 12,5 миллион жолаушыға қызмет көрсетеміз, олардың жартысы – халықаралық бағыттағы жолаушылар. Қазіргі таңда біз тәулігіне 150 рейс орындаймыз және бұл көрсеткіш тұрақты өсіп келеді. Енді жылына 40 мил-

лион жолаушыға қызмет көрсете алатын заманауи, экологиялық таза және технологиялық инфрақұрылым қалыптастыруға күш саламыз, – деді Гокер мырза.

Айта кеткен жөн, бірінші кезең аясында ішкі рейстер терминалын толық жаңарту, ұзындығы 4400 метр жаңа рульдеу жолын салу, бетон жабыны бар ұшу-қону жолағын толық қайта құру, арнайы реакгенттерді жинап, қайта өңдейтін тоңазымайтын заманауи алаң салу, VIP-перрон мен әуе кемелерінің тұрақтарын жаңарту, жүк перроны мен техникалық қызмет көрсету ангарының құрылысы және әуежай маңынан жаңа қонақүй мен көпдеңгейлі автотұрақ салу жоспарланған.

Алматы әуежайының мәліметінше, экологиялық мәселелерге де ерекше назар аударылады. Әуежай маңындағы тұрғын үйлерге арналған кең ауқымды шудан оқшаулау бағдарламасы іске асырылады. Бүгінгі күні 20 үйге оқшаулау жұмыстары жүргізілген, жыл соңына дейін бұл сан 100-ге, ал болашақта 300 үйді қамтымақ. Сондай-ақ, қоршаған ортаға зиян келтірмей, реакгенттерді жинап, қайта өңдеуге мүмкіндік беретін тоңазуға қарсы экологиялық алаң салынады. Бұл – Орта Азиядағы осындай деңгейдегі алғашқы жобалардың бірі.

Салтанатты іс-шараның соңында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов пен Алматы халықаралық әуежайының президенті Гокер Косе бірге құрылысты іске қосу батырмасын басып, жобаның ресми басталуына белгі берді.



А.ҚҰНАНБАЕВ – 180

ӨЛЕҢГЕ ТҰНҒАН ӨСИЕТ



«Қазақта қара сөзде дес бермеген»

Абайдың «сырты сау болса да, іші өліп қалғандай». Төрткүл дүниені мойындатқан жиһангер бабалар ұрпағының бодандағы ұйқылы-ояу хәліне қынжылады. Ел-жұртының еңсесін басқан заман тауқыметінен жаны аяз ұрған жапырақтай бүрісіп, қабағын мұң басады. Туған елінің еркіндігін аңсаған жанның, әлбетте жалғыз өзі ғана емесін де біледі. Осындай «жүдеулі» сәттерінде Дулат Бабатайұлы сияқты абыз ақындардың жыр-толғаулары хакімнің «ойына сана құйып, бойына қуат береді».

Атақты жыраудың ой жауһары тұнған мұрасынан Абай жан азығын табады. Бір уақ, тіпті «жалғыздығын» да ұмытқандай болады. Егер жеке басын ғана күйттеген көпшіліктің бірі болса, «ығы зор» әке қанатының астында ештеңеге алаңдайтын да жөні жоқ. Жастық дәуреннің де, билік пен байлықтың да сыбағасы оның бір басына қаптал жетеді. Осыған енді ақынның «қазақта қара сөзде дес бермеген» табиғи дархан дарынын қосыңыз.

Бардың парқын білер жанға бұл аздық етпесе керек. Бірақ ол – Абай ғой! Құдіреті күшті Алла Тағала «қайран қазағына» айсыз «түнде» бағыт-бағдар сілтеу үшін жаққан «шамшырақ»! Демек, кемеңгер ақынды мұңға батырып, уайымға салатын өз басының «сақинасы» емес, халқының жалтақ хәл, күйбең күнкөрісі. Кәпірге кіріп-тарлықтан құтылып, еркіндікке жетудің жолы – «ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаған толық адам» тәрбиелеу екеніне де көзі жеткелі қашан.

«Темірсіз теңдік алмайды... тетігін тауып темір соқ»

Алдыңғы ақын-жыраулардың тағылымға толы сөздерін Абай өз ұстанымының тезіне салып, қабырғасымен кеңеседі. Соның бірі – Құнанбай шаңырағының қадірлі қонағы Дулат Бабатайұлының ғибратты мұрасы. Ұлы жыраудың «Темірсіз теңдік алмайды... тетігін тауып темір соқ» деген өсиеті бостандық пен теңдікке жетуде өзі тапқан білім мен ғылым жолының дұрыстығын дйттей түседі. Бодандық «құрығынан» босанудың бірден-бір амалы – қарулы қақтығыс емес, оқу мен тоқу екеніне күмәні қалмаған Абай қандастарын «жарыққа» – ілім-ғылымға бастап, бауыр бастырудың зор қажыр-қайратты талап ететінін де түсінеді. Семейдегі Ахмет Риза медресесінде дәріс ала жүріп, қосымша орысша оқуының да сыры бір өзіне ғана мәлім. «Орысша оқу керегін, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұрғанын» еріксіз мойындайды. Тіпті, «зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі – олар дүниенің тілін білді, мұндай болды».

Жат жұрттарға жалтақ күй кешпеу үшін де ілім-ғылымды меңгеру қазаққа аса ділгір. Ал «әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды». Сондықтан ол «өнерлерін айтысып, таласып келген қайрат, ақыл мен жүректі» ғылымға жүгінетеді. Бір уақ Дулат Бабатайұлының темір кенін игеріп, шаруаға «жегу» туралы тәмсілінен теңдікке жетудің «тетігін» тапқандай болады. Оқу-білімсіз темірді іске жаратудың да екіталай екеніне сенімді ол атақты жыраудың көріпкел сөздерінен басқыншы биліктің «ызғарынан» – қалқан, «дімкәс» жанына дауа тапқандай толқиды.

«Пайдасы көпке тимесе, салтанат пен сәні арам»

Ақиық ақынның қайғы-шерінің куәсі болған Абай «тірі болса да, анық тірі емес». Халық ауыз әдебиетінің қазыналы «сандығын» ақыл сәулесімен ақтарып, «жұ-

Халқымыздың қайраткер ұлдары «қайран қазағының» азаттығы үшін қарумен де, қаламмен де күресті. Дана Абай да елінің еркіндігін аңсап, «ер сынарлық бес күндік майданның тамырын» басады. Алдыңғы ақын-жыраулардың асыл мұрасына зер салып, ақыл-ойын тергеген сауалдарға жауап іздейді. Жаһанды билеп-төстеген қаһарман даланың бұлыңғыр бүгіні мен күңгірт келешегінен қабағы түседі. Бұқар мен Дулат секілді абыз ақындардың намыс буған жыр-толғауларынан ол елдік пен ерліктің сан ғасырлық өнегесін жадына тоқиды. Бірақ жанын жабырқатқан сауалдарға жауап табу оңай емес. Озық жұрттардың қатарына елінің қалай қосыларын уайымдап, танып-түйгенін мұқият пайымдайды. Хакімнің «Өзінен-өзі есеп алып, естілердің айтқан сөздерін» саралаған ойлары – ұрпақ үшін тұнған өсиет.

регінің көзін ашады». Аға буын ақындардың жеке тұлғалар жөніндегі «Пайдасы көпке тимесе, салтанат пен сәні арам» деген ұлағатын жадына мықтап тоқиды: «түбін ойлап, уайым жеп, ойланып түзеле ме деп, талай сөзді» өзі де көп айтты. Адам деген атқа лайық болып, көштен қалмаудың мәңгілік талабын есті «құлаққа» құюдан әлі де жалықпайды.

Ол ел келешегіне деген үміті күннен-күнге көмескі тартып, оның басына түскен бодандық қасіретінен қабағы түйіледі: «Көк тұман – алдыңдағы келер заман, Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған. Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр, Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған...». Бас еркінен айрылған халқының аумалы-төкпелі заманда шалыс басуының қаупі жан-жақтан анталайды. Ұлт мәртебесін асырудың адал еңбекке, тынымсыз талап пен оқу-білімге тәуелді екені даусыз болатын. Алайда, «көнгенім-ақ соған деп табандаған» қандастары «өзі ермей, ерік бермей қор етеді». Ақын «Қадірлі басым, қайратты жасым / айғаймен кетті амал жоқ», – деп, мең-зең күйде. «Білмеген соқыр, қайғысыз отыр, тамағы тойса жатуға. Не ол емес, бұл емес, менің де күнім күн емес...». Бұдан асқан өкініш болар ма?! Жаңаға – басшы, ескіге – «жұмбақ жанның» күйінішін «кісімсінген білімсіздердің» ұға қоюы екіталай: «...Құлағын салмас, тілінді алмас / көп наданнан түңіледі».

«Ағайын бек көп, айтамын ептеп, сөзімді ұғар елім жоқ...»

Төңірегін қалың тұман тұтып, «ой саларлық ағайын табылмаса», тағы не шара? Ызалы ақынның «Естісем үнін, білсем деп жөнін, көп іздедім қаңғырып. Баяғы жартас – бір жартас, қаңқ етер, түкті байқамас» деген ащы тілінен улы сия төгіледі: «Ағайын бек көп, айтамын ептеп, сөзімді ұғар елім жоқ. Моласындай бақысының жалғыз қалдым тап шыным». Демек, ақынның өзінің «нені сүйіп, неден күйгеніне бір Алла мен арын ғана қазы» тұтудан басқа амалы жоқ. Ақыл қосар ағайын табылмағаны аздай, құлдықтың қырсығы шалған қарындастары өзара дұрдараз: «аяз мүйізді қысса, мүйіз тұқылды қысқан» бодан әрі надан ортада тынысы тарылады. Оңашада «бұлттан өтіп мұнарды болжайтұғын» Дулат ақынмен «мұңдасып», өзара «сұхбаттан» хакімнің бойы жеңілдеп, көңілінің көзі шырадай ашылады. Жыр жампозының 1880 жылдың соңына қарай «Қазан» баспасы тұсауын кескен «Өсиетнама» кітабы Семейге тез-ақ жетіпті.

Жаратылысынан – жарық, адамдық талабына адал тұлға «Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен» кертәбан кезеңдегі халқының тым бейқам, тіпті өзара аңдысқан тірлігінен түршігеді: «Біздің қазақтың достығы мен дұшпандығы, мақтаны мен мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді-біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірлік қақтырмай отырғанымыз... Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе?».

Хакім ендігі бар үміті – жастармен тілдеседі. Бозбала шақ, қызық дәуреннің де өтпелі екенін, қарттықтың да келіп жетерін алдын ала ескертеді. Сондықтан «қолдан келсе, әуелі өнер іздеуді, ең болмаса еңбекпен мал табуды» ұсынады. Осы орайда, тіпті өз басының өкінішін де жасырмайды: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, қолымды мезгілінен кеш сермедім...».

Бар кінәні ақын алдымен өзінен көріп, оның себебін алаңсыз албырт шағынан іздейді: «Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы, қолымды дөп сермесем өстер ме едім?.. Есінде ме жас күнің, көкірегің толық басың бос, қайғысыз, ойсыз мас күнің», – дей келіп, жан сырымен бүкпесіз бөліседі: «Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ, айлаға да, ашуға да жақтым шырақ...». Бұдан әрі, бірақ «Атымды адам қойған соң, қайтып надан болайын» деп замандастарына адамдық қарызын еске салады.

Өз тұрғыластарынан әбден көңілі қалған хакім оқу-білім туралы өсиетін «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастарға аманат етеді: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеніз...». Алайда, мынау қас-қағым тірлікте «ғылым оқып, ой таппайтын» қандастарына деген реніштен жүзі жабырқайды: «Қарасам, қайғыртар жұрт

бұл заманғы, салқын қуыс – өмірі я қараңғы. Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ, өнерсіз қартаяр деп біл баланды».

Ол талапты жастан қолында бар асылын әсте аямақ емес: «Ehe-ehege» елірме, бозбалалар, Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық», – деп өскелең ұрпаққа ой салудан дәмелі. «Ақылға, өмірге де адам кенде, өлмес өмір, қайрат, күш – бәрі менде. Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген / Осы адам уайымсыз неткен пенде?! Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілінің көзі ашық сергек үшін». Жастарға осылай үміт арта отырып, ой-санасы сергиді.

Олай болса, Абайдың қырық жасында-ақ «қарттық мінез» танытуына тандануға болар ма? Ол бұдан былай шын сырлас әрі «сеніскен досы» – кітаппен бірге төл әдебиетіміздің теңіздей шалқар айдынында «желкен керіп», іш-құсасын өлеңмен бөліседі. Балағына сүрінген, «ойға олақ, көңілсіз құлақтан» суынып, көкірегі булыққан Абайдың ендігі «бір тәуір дос», сенімді серігі де өлең: «Өзгеге көңілім тоярысың, Өлеңді қайтіп қоярысың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярысың...».

«Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз»

Абай қамал алатын шағында Дулаттай шайырмен қатар толғанады. Халқының жер жүзіндегі озық жұрттардың қатарына қосылуын тілегенінде атақты жыраудың «Темірсіз теңдік алмайды...» деп, өлеңге түйген өсиетінен тиянақ табады. Қазағының бағзы замандардан бар темірді өндіріп, баптау тәжірибесі қайта оралуын көксейді. Ал темір кенін табу мен игерудің, ең әуелі, оқу мен тоқуға тәуелді екенін ол жақсы біледі. Бар арманы – қадір-қасиетін басқыншы биліктің зымыян саясаты «іріткен» қазағын өркениет көшінің алдынан қарсы алу. Сын садағымен «Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ» алақ-жұлақ, «күлкішіл, опасызды» нысанаға алады: «Ғылым да жоқ, ми да жоқ, даладағы аңдарсың, жүрегіңмен тыңдамай, құлағыңмен қармарсың...». Сырт көзден сырын бүккен Дулат жырының жарыққа бастаған сардар «мінезіне» сүйінеді.

Дулаттың, әсіресе, «түбі қарғысқа ұшырататын қылыш пен хандардың ғана орындалар мұраты» деген тұжырымы Абайдың барша адам баласын бауыр санаған жүрегінің мейірім пернесін дөп басады: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп және сүй хақ жолы осы деп әділетті». Біл үшін, бірақ «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесен, істің бәрі бос».

Ежелден «айтпаса, сөздің атасы өледі» деп, турашылдықты ұстанған ақын-жыраулардың озбыр әрі айлакер отаршыл биліктен жасқанбай, қарсы шапқаны, күндей күркіреген «найзағай» намысы әрқашан ұрпақ жадында. Олардың отаншылдығы мен шыншылдығына Абай да әрқашан сүйінумен келеді. Ақынның Әйгерімнен туған ұлын Тұрағұл деп атауы да содан. Перзенті оқу-білімге сүйеніп, турашыл болсын дегені: «...ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек».

Абай «бахасқа бола үйренбей, әрбір хақиқатқа тырысып, иждиһаттыңмен көзін жетсе, соны тұтып, өлсең айрылмауды» тапсырады. Бірақ «ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» екен. Қазағының сол бір «табиғи мінезін» құлдықтың балшықша «илеп», қалауына көндірген өктемдігінен шерленеді. Арызқойлық пен жағымпаздықтың салдарынан жікке бөлінген алақоз ағайынның жуырда басы қосылып, жауға шабар қауқары байқалмайды. Оның үстіне, отты қарумен жасанған басқыншыға қарсы қылыш-найзамен көтерілген күнде халқының қайраты жетпей, жігері жасып, босқа құрбан боларын ойласа, еріксіз түнереді. Ол «бодандық» бұғауында тыпырлаған ел-жұртының азаттыққа жетуі үшін оқу мен білімнен басқа жолдың қалмағанын ет жүрегімен түйсінеді. «Қайран елін» ұйқыдан оятып, қарекетке көшіруге белін бекем бұған қайраткер ақын өскелең ұрпаққа ілім-ғылымды аманат етеді.

Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы.





ПОЭЗИЯ

АБАЙ
ЕСКЕРТКІШІНДЕ

Алматыда асқақ тұр
Құнанбайдың Абайы.
Жанған оттың жалыны,
Атқан таңның арайы.
Осы тұрған күйінде
біздің ұлттың гербі.
Үйлесімі мың жылдың
таланты мен талайы.

Ел менен жер аманда
мың жасайды бұл кісі –
Сары алтыннан түймесі,
Ақ жібектен сүлгісі.
Бұл топырақ туатын мың
ақынның маяғы.
«Сүйіскен жан
қате етпес»*
махаббаттың үлгісі.
Сан мың адам
жүзіне қарап өтер
күн сайын.
Сәлем берер бұрылып,
әр таң сайын мың кісі:

Көк гауһардай
жырынан
Бірір шумақ кесіп ап.
Көк жібектей сөзінен
Бір сабағын есіп ап.
Сөз түзер жұрт
Абайдың бояуынан
қосып ап.
Әңгіме айтар ақынның
кешкен күнін есіне ап.

«Айттым сәлем,
Қаламқас»,
«Желсіз түнде
жарық ай»*.
Сөздерінің әрін-ай,
Әндерінің сарыны-ай!
Қар астынан жыр көктер,
күллі қазақ жерінде,
Ақын өзі уыстап шашып
тарыдай.
Абай болып тумасқа
қалмаған ғой амалы.
Әрі сері, әрі ойшыл,
әрі талант, әрі бай.
Терлеп-тепшіп мың ақын
қыр соңынан
қалмайды.
Азы жетер ілесіп,
көбір кетер жарымай.

«Единиса жақсысы –
Сенген елі өңшең нөл»*.
Қарсы алдына Абайдың
Нөл боларға көнсең кел.

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,
ақын,
қоғам қайраткері.
(* Абай өлеңдерінің
атаулары).

А.ҚҰНАНБАЕВ – 180

«Құлақтан кіріп,
бойды алар»

Абай мұрасына арналған әдеби кеш өтті

Алматы қаласындағы А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Құлақтан кіріп, бойды алар» атты әдеби-акустикалық кеш өтті. Мазмұнды кеш ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған. Шараның мақсаты – ұлт ұстазының өлеңмен өрілген бай мұрасын ұлықтап, рухани қазынамызды жас ұрпаққа жаңаша форматта жеткізу, сондай-ақ сөз бен саз әлемін тоғыстыру арқылы көрерменнің жүрегіне жол табу болды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Кеш кітапхана төрінен орын алған Абай Құнанбайұлына арналған кітап көрмесін таныстырудан басталды. Көрмеге Абайдың шығармалар жинағы, қара сөздері, зерттеу еңбектері, ақын туралы естеліктер мен заманауи басылымдар қойылған. Бұл – Абай мұрасының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани жалғастығының дәлелі іспетті. Кеш шымылдығы Абайдың өмірбаянымен еске түсірумен басталды. Ақын шығармаларынан үзінділер оқылып, ұлы тұлғаның рухани әлеміне терең бойлауға мүмкіндік туды.

Кеш қонақтары – белгілі ақын, қоғам қайраткері Алмас Ах-



метбекұлы, журналист және редактор Алма Серікқали, ақын әрі қоғам белсендісі Аманғазы Кәріпжан, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі скрипкашы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жамиля Серкебаева болды. Олар ақын өлеңдерін оқып, Абайға арналған өз шығармаларынан үзінді ұсынды.

КЕШ ҚОНАҚТАРЫНЫҢ ЛЕБІЗІ

Алмас Ахметбекұлы, ақын:

– «Абай – тек өткеннің емес, бүгіннің де, болашақтың да ақыны. Оның әрбір жолында адамзатқа ортақ құндылық бар. Біз тек өлеңді емес, ойды тыңдауға үйренуіміз керек. Мен Абай тойына ерекше мән беремін. Оның 180 жылдығына орай көлемді мақалаларым да жазылып, басылымдарда жарық көруде. Әрқайсысына жан-тәніммен кірісіп жаздым», – деді ол.

Алма Серікқали Абайдың мұрасы мен журналистиканың рухани миссиясы туралы әсерлі ой қозғады:

– «Абайдың тойы – бұл бүкіл әлемнің тойы. ЮНЕСКО аясында тойланған 150 жылдығы соның дәлелі. Мен өзім – Семейдің тумасымын, Абайдың өлеңдерімен сусындап өстім. Әсіресе, 17-қара сөзі маған жақын. Онда ақын кеділікті адам өзінің жалқаулығынан емес, Жаратқаннан көрудің қателік екенін айтады. Адам өз бойындағы қайрат, ақыл, жүректі қатар ұстанса, соған бағынса, ол ешқашан

кедей болмайды. Абайдың әрбір қара сөзінде терең мағына, өмірлік сабақ жатыр, – дейді кеш қонағы.

Скрипкашы Жамиля Серкебаеваның Абай әндеріне қосылған музыкалық шашуы кештің көркін асыра түсті. Оның скрипкамен шебер орындаған туындылары қатысушылардың жан-дүниесін баурап алды.

«Қазақ музыкасы маған күш береді. Әкеммен сырласқанда жиі таңқаламыз: біздің ақындар осындай терең туындыларды қалай дүниеге әкелді екен деп. Қазір мен әдебиеттен емес, нақ музыканың құрылымынан айтып отырмын. Қазақтар идеяны қалай бастап, оны дамытып, шарықтау шегіне жеткізуді білді. Олар саз арқылы сезімнің ең нәзік тұстарын жеткізе алған», – деді өнер иесі.

«Құлақтан кіріп, бойды алар» кеші атауы айтып тұрғандай, жүрекке жеткен әуез бен терең ой кеші болды. Кітапхана сахнасынан шыққан әр сөз, әр дыбыс Абай әлемінің бір үзігіне айналды. Ұлы ақынның мұрасын осындай заманауи әрі дәстүрлі тәсілмен дәріптеу – әсерлі әрі жанды бастамаға айналғандай.



ОЙТАЛҚЫ

ОҚУЛЫҚТАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ:

Ел егемендік алған соң ұлттық білім беру жүйесі де жаңа арнаға бұрылып, әлемдік ғылым кеңістігімен үндесуді жүзеге асыруға бағытталғаны белгілі. Ал бұл стратегиялық мақсатқа ұмтылғандағы алғашқы қадам адамның сауаты мен ақыл-ойының қалыптасуына негіз болатын оқулықтарға жаңа стандарт енгізуден басталды. Өкінішке қарай, жаңа білім беру бағдарламалары бойынша құрастырылған оқулықтарда озықтықтан бұрын олқылықтар басым. Әсіресе, мектептердегі мұндай жүйеге негізделіп жасалған «Қазақ тілі» пәні тілдің атауын ғана жамылып, құрғақ сөз күйінде оқытылуда.

Көне тәжірибенің озығы бар, тозығы жоқ...

Араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қазақ қоғамына тұңғыш рет жаңаша оқыту жүйесін енгізген Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолмен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын», – деген еді. Алайда, лигвист-ғалымның XX ғасырдың басында бекіткен оқытудағы тілдік жүйесі қазір жоқ. Министрлік енгізген жаңартылған бағдарламада оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер бір-бірімен сапырылысып кеткен. Жаңа бағдарламада қазақ тілі пәнінің мазмұны лексикалық тақырып түрінде беріліп, теориялық ақпараттар жай ғана «тілдік бағдар» деген жапсырмада тұмшаланған. Атап айтсақ, «Қиял әлемі», «Аспан денелері», «Климат», «Транспорт түрлері» деген тақырыптар аясында оқыту нысаны нақтыланбай, тілдік пән табиғатының көмескіленуіне себеп болды. Сондай-ақ, қазақ тілінің «Фонетика», «Лексика», «Морфология» атты күрделі салаларын 5-сынып оқулығының бір тақырыбына топтастырған кезде оқушылардың жас ерекшелігі мен ұғыну психологиясы ескерусіз қалған. Қазақ тілін оқытуда осындай тұғыры әлсіз бағдарламамен ұзаққа бармасымыз айдан анық.

1961 жылы жазылған Ыбырайым Мамановтың «Қазақ тілі» оқулығының алғашқы тақырыбы қазақ әліпбиіне арналып, оның ішіне дыбыстық жүйе мен дауысты дыбыстар туралы ережелер кіріктіріліп, ұғынықты түсіндірілген. Ал аталған тақырыптың жаттығуларындағы жаңа сөздер саны сөздік бойынша – 42. Бұл оқулықпен білім алған кез келген оқушы мол сөздік қоры арқылы өз ойын ашық білдіріп, сауатты жазатын.

Ысқақов, Жұбанов, Кеңесбаев секілді авторлардың 1980–1990 ж.ж еңбектері академиялық тіл білімінің негізін, грамматикалық құрылымдарды жүйелі оқытқан оқу құралдары болды. Ал бүгін ше? 2016 жылы кенеттен жаңартылған бағдарлама қолданысқа енген сәттен-ақ түрлі басқосуларда, көпшілік жиындарда, әлеуметтік желілерде сынала бастады. Шыны керек, егер «Қазақ тілі» оқулықтарының жалтыраған мұқаба-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

сын алып тастап, тек мазмұнына көз жүгіртсек, оның нақты қай пәннің оқулығы екенін ажырата алмай, есіміз шығады.

Қазақ тілі пәнінің 4 негізгі міндеті

Шеңберге түскен тіршіліктің қай заманында да қазақ тілі пәнінің басты мақсаты – оқушының қоршаған ортасы мен қоғамы жайлы өзіндік ойын қалыптастырып, сол ойын ауызша және жазбаша түрде еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Қазақ тілі грамматикасы заңдылықтарынан хабарсыз, өз тұжырымын жазбаша жеткізбек түгілі, екі сөздің басын қоса алмайтын оқушының мүшкіл жағдайы – орта білім беру ордаларындағы «Қазақ тілі» пәнінің мақсатының орындалмағанының айқын көрінісі. Қосу, азайту, көбейту, бөлу секілді қарапайым төрт амалдан басталып, есептеудің өзге де заңдылықтарын оқытпайтын сабақты математика пәні деп атай алмаймыз. Сол секілді, тілдік жүйені, дұрыс сөйлеу мен сауатты жазудың әдіс-тәсілдерін оқытпайтын пәнді «Қазақ тілі» деп атауға келмес. Осы ретте білім алушыларды функционалдық сауаттылыққа баулитын пәннің негізгі 4 міндетін атап өткен жөн:

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фаузия ОРАЗБАЕВА,
педагогика ғылымының докторы, филолог:

Басты мақсат – оқушының қазақша дұрыс сөйлеп, сауатты жазуы

Оқулықтың сапалы болуына әсер ететін алғашқы фактор – пән бағдарламасының жөнді құрастырылуы. Жаңартылған оқу бағдарламасы оқулық қолданысқа еніп кеткеннен кейін де жиі өзгереді. Бұл да оқулықтың бір жүйемен жазылуына кері әсерін тигізеді. Біріншіден, тілді меңгерту кезінде күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер оқушының психологиялық-қызығушылық жағдайына байланысты беріліп, үйретіледі.

Екіншіден, оқулықта сабақта жиі қолданылатын әрі баланың есінде жақсы сақталатын, сөйлем құрауға қажеттілігі мол сол сөздер енгізіледі. Сондықтан қазақ тілі оқулықтарында сұранысқа сай сөздер мен тіркестер таңдап алынады. Шынында, оқулық оқу бағдарламасына негізделіп жазылатындықтан, ол еш уақытта қосымша ресурс болмайды. Сондықтан бағдарламаға қойылатын талап пен білім мазмұны тығыз қарым-қатынасқа қызмет етіп, бір-бірімен сабақтас болуы керек.

Басты мақсат – оқушының қазақша дұрыс сөйлеп, сауатты жазуына негізделсе, авторлар да, оқушы да, мұғалімдер де түпкі нәтижеге жетер еді.

- Дұрыс әрі шебер сөйлеуге үйрету.
- Стильдің түрлі жанрында сауатты жазуға машықтандыру.
- Қазақ тіл білімін орта мектептегі сыныптардың деңгейіне сәйкес меңгерту.
- Ана тілі арқылы дүниетанымды қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды бойға дарыту.

Қазақ тілі оқулықтарындағы кемшіліктер

Тілдік нормаға сәйкессіздік	40%
Қайталау көлемі	67 – 72%
Бағдарламамен сәйкессіздік	11 – 13%
Оқушы дағдысына қарама-қайшылық	30%
Инновациялық мазмұнның жетіспеушілігі	22,5%



Дана САДЫРҚАН.

соның ішінде онлайн ресурстарға қолжетімділік, QR-кодтар арқылы көрсетілетін бейнесабақтар, басқа да қосымша ресурстар бар. Бұл қолынан ұялы телефонын тастамайтын қазіргінің білім алушылар үшін жаңа дүние! Бұдан басқа артықшылық көріп тұрғанымыз жоқ. Оқу бағдарламасынан бөлек, балдық бағалау жүйесін де құп көрмеймін. Жаңашыл ұстаз тапсырманы ойластырамын деп миы ашиды, бағалауды қалай бағалаймын деп жүргенде ҚМЖ құруда тағы шатасады. Аяғы дұрыс білім берілмей, құжат соңында жүрген ұстаздар бала біліміне салғырттық танытады. Одан кейін қандай білімді ұрпақ, болашақ елдің тұтқасын ұстар азамат шығады?

Гүлнәр КЕРУЕНОВА,
қазақ тілі пәнінің мұғалімі:

Жаңа оқу бағдарламасы кінәлі

26 жыл бойы қызмет етіп келе жатқан ұстаз ретінде айтарым, бүгінгі білім алушылардың екі сөздің басын қоса алмайтынына жаңа оқу бағдарламасы кінәлі. Қай пәнді оқып жатқаныңды кейде оқушы емес, өзің түсінбей қалатын кездер болады. Өйткені, бағдарлама жүйесіз жасалған. Тіл заңдылықтары да біркелкі емес, тапсырмалар түсініксіз. Оқулық сауаттылыққа үйретер дүниеден алшақтау. Мәселен, географияға қатысты тақырыпқа 10 сағат берілген. Тіпті, дұрыс емес. Он сағаттық «Астана» тақырыбының не үшін керек екенін түсінбеймін...

МҰҒАЛІМДЕР НЕ ДЕЙДІ?

Гүлнәр АРИПБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

Өзімді басқа пәннің мұғалімі екен деп қаламын

Қазіргі оқулықтар көңіл көншітпейді: тақырыптан ауытқыған тапсырма, жүйесіз бағдарлама, тіпті сөздік қорға дейін шектеу бар. Өз заманымызда тақырып тікелей қазақ тіліне арналып, оның грамматикасы, лексикасы, синтаксис, фонетика, морфология секілді теорияларымен практиканы қосып оқытатын. Ал бүгінде оқылым, айтылым, жазылым тапсырмасы деп әр бөлімге әдемі топтастырылғанымен, өзге пәннің ақпараты беріліп, жоспарға сәйкес емес тақырыптар басымырақ болып кеткен. Кейде өзімді тарих, биология немесе география пәнінен сабақ беремін бе деп қаламын.

Бұрын диктант, шығарма, мазмұндама жазу арқылы баланың сөздік қоры, қатесіз, сауатты жазуы қалыптасатын еді. Жеткіншектердің тек ауызекі тілмен ғана шектеліп қалғанына қапа боламын. Сондықтан сабақ жоспарынан тыс диктант, шығарма жазуды әлі тоқтатқан жоқпын. Берілген мәтінді көшіртіп қана қоймай, белгілі бір автордың шығармасын оқытып, мазмұнын айтқызып, сөздік қорын байытуға тырысамын. Дегенмен, оқулықтар мазмұны қазіргі заман талаптарына сай жаңартылып, тілдің функционалдығы мен қолдану аясы кеңейтілгенін мойындау керек.

Мысалы, қосымша интерактивті материалдар,



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҒАРЫШКЕРДІҢ СОҢҒЫ САПАРЫ...

6 тамыз күні Алматы жұртшылығы Халық қаһарманы, ғарышкер Талғат Мұсабаевты соңғы сапарға шығарып салды. Қоштасу рәсіміне марқұмның отбасы мен туыстары, әріптестері мен достары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері қатысты. Қатысушылар қатарында ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Халық қаһарманы, ұшқыш-ғарышкер Айдын Айымбетов, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, ҚР Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов болды.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын оқыды. Кейін өз атынан марқұмның туған туыстарына көңіл айтты:

– Халық қаһарманы Талғат Мұсабаевтың қазасына орай баршаңызға қайғырып, көңіл айтамын. Қаралы хабар жеткен бойда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоштасу рәсімін ұйымдастыру туралы тапсырма берді. Бүгін Астанада Қорғаныс министрлігі, Аэроғарыш саласының өкілдері және Халық қаһармандары Тоқтар Әубәкіров пен Айдын Айымбетов арнайы келіп отыр. Бұл – мемлекет басшылығының Талғат Мұсабаевқа деген ерекше құрметінің белгісі, – деді Мемлекеттік кеңесші.

Келесі кезекте ғарышкер Тоқтар Әубәкіров тебіреніске толы қоштасу сөзін сөйледі:

– Мен әлі қабылдай алмай тұрмын. Ол әлі де өмір сүруге тиіс еді, Қазақстанның нағыз батыры. Енді ол туралы естеліктер тек Қазақстан мен Ресейде ғана емес, бүкіл ға-

рыш әлемінде қалады. Ғарышкерлер қай жерде өмір сүрсе де, қай ғарыш айлағынан ұшса да, өз кеңістігіне адал болып қалады. Өйткені, ғарыш бәрімізді біріктірді және оны енді ешкім өшіре алмайды. Ең бастысы, сенде әрқашан ешкімде жоқ идеялар туатын. Және сен бұл идеяларды қалай жүзеге асыру керегін білдің. Отбасыңа, халыққа айтарым, Қазақстан сені ешқашан ұмытпайды. Қазақстан сені әрқашан, мәңгі есінде сақтайды. Сенің есімің Қазақстан Республикасының тарихында қалды. Ұйқың тыныш болсын, досым, – деді аға ғарышкер қоштасу сөзінде.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов Талғат Амангелдіұлының еңбегі мен ерлік ізі баршаға үлгі болып қалатынына сенім білдіріп, қаһарманның отбасы мен туған туыстарына көңіл айтты.

Жаназа намаздан кейін ғарышкердің денесі салынған табыт оркестр әуенімен бірге көтерілді. Қоштасқан жұрт қаһарманның денесін Кеңсай зиратына, мәңгілік мекеніне жерледі.

● ЕСКЕ АЛУ

Мейірбек Молдабеков, ғылым докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі:

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ ЕДІ

Бұл – барша халқымыз үшін, ғарыш әлемі үшін орны толмас ауыр қаза. Талғат Амангелдіұлы – халқымыздың мақтанышы, ерекше жұлдызы еді. Оны тек Қазақстан ғана емес, Ресей, Еуропа, Америка, Жапония, Канада да жақсы танып, құрметтеді. Ол түрлі елдердің ғарыштық ғылыми зерттеулеріне қатысып, өз ісімен әлемдік танымалдыққа ие болды.

Талғатпен бірге еңбек еттік, отбасылық дос едік. Ол шыншыл, батыл, тура мінезді азамат еді. Шындықты бетке айта-тын, қажет болса басшылықты да тайсалмай сынайтын. Нағыз батырға тән қасиеттердің иесі болатын. Үш рет ғарышқа ұшты. Радиоинженер мамандығы, ұшқыштық тәжірибесі, терең білімі арқылы Кеңес Одағы мен Қазақстанның ғарыш саласында ерекше із қалдырды. Шағын ұшақтан бастап, үлкен жолаушы ұшағына дейін басқарып, кейін ғарышкерлікке өтті. Бес жылдық дайындықтан соң кәсіби космонавттар қатарына қосылды.

Ғарышқа алғаш турист ретінде ұшқан америкалық миллионерге командир ретінде Талғат ұсынылғаны да тегін емес – ол техниканы да, аппарат басқаруды да жетік меңгерген еді.

Талғат Мұсабаев – Қазақстанның ғарыш саласының негізін қалаған тұлға. Ұлттық ғарыш агенттігін басқарды, «Бәйтерек» жобасын жүзеге асыруға атсалысты. Ғарыштағы ғылыми еңбегі үшін академик атағын иеленді. Бүгінде қай елден болсын көңіл айту хаттары келіп жатыр. Бұл – оның ғарыш әлемінде қалдырған өшпес ізі мен адами болмысының айғағы. Жатқан жеріңіз жарық болсын, аяулы аға. Еліңіз сізді мәңгі жадында сақтайды.

● МӘДЕНИ МҰРА

ҚҰНДЫ ҚОЛЖАЗБА ҚАЛПЫНДА САҚТАЛАДЫ

Көне құжаттарды күтімдейтін бірегей орталық

Қазақстанның рухани мұрасын сақтау – ұлттық болмысты танып, тарихи сабақтастықты қамтамасыз етудің әрі мәдени құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды алғышарты. Көне құжаттар мен сирек қолжазбаларды құнттап сақтау да соның маңызды бір бөлігі. Алайда, уақыттың өтуімен табиғи-климаттық және антропогендік факторлардың ықпалынан көне мұралар түрлі дәрежеде зақымданып, жойылып кету қаупіне ұшырайды. Сондықтан оларды сақтау, қалпына келтіру және түпнұсқа қалпында келешек ұрпаққа жеткізу – күрделі әрі өте жауапты міндет. Осы бағытта «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қарасты Реставрация және консервация орталығы маңызды рөл атқарады.

Бұл орталық – Қазақстанда жазба мұраны ғылыми негізде қалпына келтіріп, оны ұзақ мерзімге сақтауға арналған. 2023 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен құрылған бұл мекеме аз уақыт ішінде өз саласының көшбасшысына айналып үлгерді. Жұмыс жүйесі мен ғылыми әдістемесі халықаралық тәжірибеге негізделген орталықта бүгінде сирек деректерді сақтаудың, қалпына келтірудің инновациялық технологияларын қолдануда.

Аталған орталықта құжаттар арнайы актпен қабылданып, олардың бастапқы күйі фотофиксация әдісі арқылы тіркеледі. Бұдан кейін қағаздың химиялық құрамы мен биологиялық жағдайы зерттеліп, зең, бактерия сынды зақымдаушы элементтерден тазартылады. Жыртылған немесе үгітіле бастаған беттер қайта қалпына келтіріліп, құжаттың техникалық паспорты толтырылады. Осылайша реставрация процесі аяқталған соң құжат тағы да визуалды тіркеуден өтіп, түптеліп, сақтау орнына қайтарылады. Қазіргі таңда аталмыш орталықта алты маман еңбек етіп жатыр. Олардың қатарында Ресейде білім алған, жиырма жылдық тәжірибесі бар, жоғары дәрежелі реставратор бастаған, халықаралық сертификаты иегері атанған шеберлер мен орталық ішінде арнайы оқытудан өткен жас мамандар бар. Дәл қазір орталық жанынан маман тапшылығын жою мақсатында тағылымдамалар мен кәсіби курстар ұйымдастырыла бастады.

Осы арада орталықтың материалдық-техникалық базасының қазіргі заман талабына сай екенін айтып өткен орынды. Сирек басылымдарды сапалы әрі қауіпсіз қалпына келтіруге арналған кең форматты құрылғылар, микроскоптар, рН-өлшегіштер, инкубаторлар, дезинфекция мен бейтараптандыруға арналған жабдықтар, қағаз өңдеуге арналған заманауи құ-

рылғылар толықтай іске қосылған. Бұл тек қалпына келтіру жұмыстары үшін емес, ғылыми зерттеу жүргізу үшін де жасалған үлкен мүмкіндік. Мекеме шетелдік ғылыми орталықтармен тығыз әріптестік орнатып, Түркиядағы Ислам мәдениеті мен өнерін зерттеу орталығы, Иранның Ұлттық кітапханасы, Ресейдің реставрациялық мекемелерімен тәжірибе алмасу үдерісі жолға қойылған. Сонымен қатар, АҚШ пен Ұлыбритания сынды елдердің архив және кітапхана саласындағы жұмыс тәжірибесі де сараланып, енгізілуде. Бүгінде Орталық Ғылым ордасы құрамындағы Орталық ғылыми кітапхана, Ғылыми архив, Сирек кітаптар музейі және өзге де мекемелердің қорында сақталған мыңдаған тарихи дереккөзді қалпына келтіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыр.

Сәтін салса, 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми жоба аясында «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» атты іргелі жоба жүзеге аспақшы. Бұл бастама арқылы отандық қолжазбалардың толыққанды ғылыми базасы жасалып, сақтау стандарттары халықаралық деңгейге көтерілетін болады.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ЖЕҢІЛ АҚША АУЫР ЖҮК АРТУЫ МҮМКІН

Ломбардтар көмек көрсету орталығы емес

Қазақстанда бүгінде 480-ге жуық ломбард жұмыс істейді. Үш жыл бұрын олардың саны 548 болған. Қарап отырсаңыз, азайғандай көрінеді. Бірақ шын мәнінде, бұл – нарықтағы іріленудің белгісі. Шағын ломбардтар жабылып, олардың орнына ірі желілер келіп жатыр. Бұрын «қымбат сағат пен алтын әшекей өткізетін жер» деп саналатын бұл орындар қазір тұрмыстық техниканы, тіпті ұялы телефонды да қабылдайды. Соңғы жылдары ломбардтар тек қаланың орталығында ғана емес, шағын аудандар мен ауылдарға да жетті. Кейбір көшелерде әр жүз метр сайын ломбард кездестіруге болады. Олардың атаулары мен жарнамалары да бірінен бірі өтеді.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Осы ломбардтарға кімдер жүгінеді? Күтпеген шығынды жабуға тура келді, қолда бар ақша жеткіліксіз, банк несие бермеді... Мұндай жағдайда көпшіліктің ойына бірден түсетін нұсқа бар, ол – ломбард. Қолыңдағы бағалы затты кепілге қалдырып, бірден ақша алуға болады. Алғашында бәрі оңай көрінеді: құжат жинаудың қажеті жоқ, банк сияқты ұзақ тексеріс жасалмайды және нақты ақшаны қысқа уақытта қолыңа аласың. Бірақ осындай «жеңілдіктің» көлеңкелі тұстары да көп. Қаржы қысымына түскен адам әдетте тез шешім қабылдауға бейім. «Ертең не боларын» ойлауға уақыт жоқ, басты мақсат – ақша алу. Келісім-шарттағы пайызды, мерзімді, айыппұл көлемін оқып жатпайды. Берілген қағазға қолын қояды, қажетті деген ақшасын алып кетуге асығады. «Қазір керек, кейін төлеймін» деген ой басым болады. Бірақ кейін төлей алмай, жағдай ушыққанда ғана шынайы шартты түсінеді.

ЖЫЛЫ МАРКЕТИНГ ПЕН АУЫР САЛМАҚ

Қала көшелеріндегі жарнамаларға қарасаңыз, ломбардтардың атаулары өте жылы: «Сәлем», «Береке», «Көмек», «Жеңіл ақша», т.б. Бұл сөздер адамға сенім береді, жан дүниесінде «бұл – маған қолұшын созатын мекеме» деген ой тудыратын секілді. Осындай атаулар кездейсоқ таңдалмайды. Қаржылық қысымдағы адам үшін «Көмек» деген сөз шын мәнінде қолдау күткендей әсер етеді. «Сәлем» деп аталған ломбардқа кіргенде, шынымен амандық, жылы қарым-қатынас күтесіз. Бірақ есік ашқаннан кейін шынайы жағдай өзгеше: қағазға жазылған шарт, пайыз мөлшерлемесі және қатаң талаптар қарсы алады. Бірақ ол талаптар банктен несие рәсімдеуден жеңілірек.

Ломбардтың басты «артықшылығы» – жылдамдық. Зергерлік бұйымды немесе қолда бар техникаңды өткіздің – ақша қолыңда. Тіпті, кейбір ломбардтар 15 минутта ақша береміз деп жарнамалайды. Әрине, ломбардтан қаражатты алу қиын емес, басты мәселе – алған қарыздың пайызы тым жоғары. Әдетте айына 7–10 пайыздан қосылады. Бірнеше ай төлемей кешіктірсеңіз, пайыз бен айыппұл көбейіп, бастапқы қарыз екі есеге дейін өседі. Ақыры адам ақшаны қайтара алмай, бағалы затынан айырылады. Мысалы, бір әйел баласының еміне деп алтын сырғасын өткізеді. 100 мың теңге қарыз алады. Ай сайын 8 пайыз төлейді. Бір ай кешіктіре



Суреті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

салысымен пайыз үсті-үстіне қосылады. Ақырында сырғасын қайтарып ала алмағаны былай тұрсын, қаржылық шығынның астында қалады.

ӘР АДАМДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ

Ломбард – заңды бизнес. Олардың қызметі ресми тіркеліп, салық төлейді. Бірақ әр адам үшін ең маңыздысы – қаржылық сауаттылық. Табысты дұрыс жоспарлау, қажетсіз шығынды азайту – осындай тығырыққа тірелмеудің жолы. Әрине,

теорияда бәрі оңай, бірақ өмірде жағдай күрделі. Дегенмен, ломбардқа жиі барудың қауіпті екенін түсіну маңызды.

Ломбард – қиналған кезде ақша алудың бір жолы. Бірақ ол ең соңғы амал ғана болуы тиіс. «Сәлем», «Береке», «Көмек» деген жылы атаулардың артында қатал шарттар, пайыздар мен айыппұл бар екенін ұмытпау қажет. Қаржылық қысымнан шығудың ең сенімді жолы – қарызға батып, бағалы заттан айырылу емес, шығынды жоспарлап, қаржы сауаттылығын арттыру.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұрат ҚУАНЫШ,
қаржыгер:

ТҰРАҚСЫЗ ТАБЫС – ЛОМБАРДҚА СҰРАНЫС

Ломбардтың басты артықшылығы – жылдам ақша. Қолы қысылып тұрған адамға бұл бірден көмек сияқты көрінеді: құжат жинаудың, ұзақ күтудің қажеті жоқ, затты өткізесіз – ақша аласың. Бірақ осы «оңайлық» көп жағдайда ойлануға мүмкіндік бермейді. Қаржы қыспағына түскен адам көбіне эмоциямен шешім қабылдайды, ал ондай кезде дұрыс жол табу қиын. Ақыры қарызын қайтара алмай, бағалы затынан айырылып жатады. Мұндай жағдайлар жиі кездеседі.

Көп адам ломбардты жалғыз жол деп санайды, себебі балама шешімдерді білмейді немесе іздемейді. Бұл қаржылық сауаттың төмендігін көрсетеді. Соңғы жылдары ломбардтар азайғанымен, ірі компаниялар өсіп жатыр. Демек, сұраныс бар. Себебі, халықтың табысы тұрақсыз, ал шығындар өсіп келеді. Банкке жүгіну қиын, ал ломбардқа бару оңай.

Алайда, жеңіл ақша кейін ауыр жүкке айналуы мүмкін. Сондықтан әр адам табысын жоспарлап, қиындыққа алдын ала дайын болғаны жөн. Ломбардқа бірден жүгірмей, туыстардан көмек сұрау, бөліп төлеу, мемлекеттік немесе қоғамдық қолдау жолдарын қарастыру керек. Қаржыны басқаруға стратегиялық көзқарас болмаса, уақытша шешім кейін үлкен проблемаға айналады.

Кенжегүл ТОЛҚЫНБАЙ,
ломбард қызметкері:

ҚАРЖЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЖЕТ

Бұл салада бес жылдан бері жұмыс істеп келемін. Күн сайын түрлі адам келеді. Бірі баласының оқу ақысын төлеу үшін алтын сырғасын әкеледі, енді бірі ақша қажет деп ұялы телефонын тапсырады. Кейде зейнеткерлер де келеді, зейнетақыға дейін «бір-екі аптаға ғана» деп жүзігін өткізетіндер бар. Көбі өз затын қайта алып кетеді, бірақ кейде төлем мерзімін өткізіп алып, кейін өкінетіндер де болады. Біз әр клиентпен келісімшарт жасаймыз. Онда қарыз сомасы, пайыз мөлшері, төлеу мерзімі, кешіктірсе не болатыны түгел жазылады. Көп жағдайда адамдар асығыс келеді де, шартты толық оқымайды. Бірақ біз ауызша да түсіндіріп, бәрін нақтылап айтамыз. Пайыз – әр ломбардта әртүрлі. Уақытында төлемесе, зат сатылымға шығарылады. Бұл – заңмен бекітілген процесс.

Адамдар бізге сеніп келеді. Бірақ біз көмек көрсету орталығы емеспіз – бұл бизнес. Сондықтан ломбардқа келген әр адам алдымен ойланып, өзінің қаржылық жағдайын саралап барып шешім қабылдауы керек. Біз ешкімнің затын тартып алмаймыз, бірақ төлем орындалмаса, шартқа сай әрекет етеміз. Кейде клиенттер ренжиді, өкініп кетеді. Мұндай жағдайлар бәрімізге ауыр, бірақ заң талабы – бір. Қаржылық мәдениет қажет. Кепілге зат қою – жауапты қадам. Түсіністікпен келсе, бәрі жеңіл өтеді.

БАЛА – БОЛАШАҚ

Мегаполисте мемлекеттік мектеп пен балабақшалардағы орын мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Біз сөз еткелі отырған Әуезов ауданында қырық жеті мемлекеттік балабақша болса да, 5 мың бүлдіршін кезекте тұр екен. Балабақша кезегі артумен қатар жекеменшік мектептер жалға алған мемлекеттік ғимараттарды кері қайтаруға да кедергі келтіретіндер табылып отыр.

БАЛАПАНДАР БАСПАНАСЫ НЕ БОЛМАҚ?

Жекеменшік мектеп сот шешімін орындамай отыр



Нұрлан
СҮЙІН

Айтпағымыз, Әуезов ауданындағы мемлекеттік ғимарат – №52 балабақша жайы. Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын оншақты балабақша ғимараты жекеменшік мектептерге жалға берілген екен. Соның қатарында «Арай» жекеменшік мектебі де бар. Балабақшаға баратын бүлдіршіндер кезегі ұлғайып және ғимарат күрделі жөндеуден өту керек болған тұста «Арай» мектебіне жалға алу мерзімін доғару ұсынылған. Оған келіспеген мектеп құрылтайшыларына қатысты 2023 жылы сот шешімі де шығарылып, ғимаратты босату қажеттігі ескертілген. Жалға берілген ғимараттардың барлығы кезегімен мемлекеттік меншікке өтуде. Бүгінде «Арай» жекеменшік мектебі сот шешімін орындаудан бас тартып отыр.

Кеше Қалалық білім басқармасы мен Мемлекеттік активтер басқармасы басшылары, қалалық мәслихат депутаттары мен қалалық қоғамдық кеңес мүшелері, сондай-ақ, сот орындаушылар №52 балабақша ғимаратына арнайы барды. Олар ата-аналарға, БАҚ өкілдеріне мәселені түсіндіріп, шешімін табуға тырысты. Қалай болғанда да, мемлекеттік баланстағы ғимарат мемлекет меншігіне қайтарылып, бүлдіршіндер балабақшаға баруы керек.

Мәселенің мән-жайын БАҚ өкілдеріне Алматы қаласы Білім басқармасы басшысы Сайран САЙФЕДЕНОВ былай деп түсіндірді:

– Бұрын бұл ғимарат толығымен №52 балабақшаның иелігінде болған. Кезінде «Арай» жекеменшік мектебіне жалға беріліп, оның мерзімі аяқталған. 2023 жылы жалға беру келісімі доғарылып, осы жылы сот шешімі шыққан болатын. Жекеменшік мектеп сот шешімін орындамай отыр. Әуезов ауданында бес мың бүлдіршін балабақша кезегінде тұр. Ал мектепке дейінгі мекемелер саны 159 болса, оның 49-ы ғана мемлекеттік балабақша. Ғимарат мемлекет меншігіне қайтарылса, №52 балабақшадағы 190 бүлдіршінге тағы 130–140 бала қосуға болады.

Бұдан бөлек, осы ауданында «Алтын бесік» және 10 ықшамауданда екі балабақша құрылысы салынып жатыр. Ал «Арай» жекеменшік мектебінің оқушыларын да далада қалдырмаймыз. Егер құрылтайшылары басқа ғимарат таппаса, біз әрбір оқушыны өз микроучасткесіне қарай мектепке орналасуына көмектесеміз. Қалай болғанда да, сот шешімі орындалып, мемлекет меншігіндегі ғимарат қалаға қайтарылуы қажет қой. Біз ғимаратты күрделі жөндеуден өткіземіз, содан соң балабақша мүмкіндігі 320 орынға дейін ұлғаяды, – дейді басқарма басшысы.

Қазір екі миллионнан астам қала тұрғындарының едәуір бөлігін жас отбасылар иелейді. Тиісінше мектеп, мектепке дейінгі мекемелер мәселесі күн тәртібінен түспейтін белгілі. Елдегі ең ірі қаланың әлеуметтік мәселелерін онды реттеп, ел халқының емін-еркін өсуіне жағдай жасағысы келетін қала басшылығы бұл мәселеге де баса мән беруде. Себебі, жас ұрпақ, бүлдіршіндер мәселесі – біздің бүгінгіміз бен ертеңіміздің басты тақырыбы.

ПРОБАЦИЯ ЖҮЙЕСІ

жаза басқандарға жәрдемдеседі

Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесіне пробация қызметінің енгізілгеніне көп болған жоқ. Қазақстан – ТМД және Орталық Азия елдерінің ішінде алғаш болып пробацияның толық жүйесін қабылдаған ел. Оның заңды түрде жүзеге аса бастағанына он жылдан асты. Алматыда пробация есебінде тұрғандарды тәрбиелеуде қандай жұмыстар атқарылып жатқаны жайлы ҚР Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі Алматы қаласы бойынша департаментінің Наурызбай аудандық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны Айдос Бекзатұлы айтып берді.

Жазалаушы емес, тәрбиелеуші орган

Пробация сотталғандарды айыптаушы емес, керісінше, оларды тәрбиелеуші қызмет түрі. Бұл сөзді қазақшаға аударғанда, «сынау, байқау» дегенді білдіреді. Яғни сынаудың негізі – адамның құқық бұзып, қылмыс жасағанына қарамастан, оның темір торға түспеуіне мүмкіндік беру. Ол үшін сотталған адам сот міндеттеген шарттардың бәрін орындауы керек. Әлемдік тәжірибеде бұл қызмет кеңінен қолданылады. Тіпті, бірқатар дамыған елдерде пробация қызметі үлкен жүйеге айналып үлгерді.

Алматыда пробация қалай жүзеге асады? Әділет капитаны Айдос Қазыбаев пробация саласында тоғыз жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, бұл жүйенің міндеттері қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе шартты түрде сотталған адамдарды бақылап қана қоймай, оларға құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетеді. Қылмыс жасап, сотты болып, өзін қоғамға қажетсіз сезініп жүрген, болашақтан үміт үзген жандарды қылмыстық жазасын өтеу барысында және одан кейін де қадағалау жүргізіп, қоғамға бейімдеуге атсалысады.

Сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін сотталған адам пробация есебіне алынады. Сол сәттен бастап оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің және Қылмыстық кодекстің арнайы баптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

• **«Сот бас бостандығын шектеу жазасын тағайындаған жағдайда Қылмыстық кодекстің 44-бабына сәйкес сотталған адамға түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін тұрғылықты жерінен шығуға тыйым салынады. Бұдан бөлек, пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстыруға болмайды. Егер сотталған адам тұрғылықты жерін өзгерткісі келсе, пробация қызметіне алдын ала хабарлауы қажет. Рұқсат алғаннан кейін ғана ауыстыруға құқылы».**

Пробация қызметінің құрылымы мен бағыты Қазақстанның барлық өңірінде бірдей жұмыс істейді. Ел аумағында әр ауданда және қалада пробация қызметі бар. Сотталған адам республика ішінде қалаған жеріне көшіп барып тұра алады, бірақ Қазақстан аумағынан тыс жерлерге шығуға болмайды.

Түзету жолы

Қазір Алматы қаласы Наурызбай аудандық пробация қызметінде 296 адам есепте тұр. Бұл санға шартты сынақ мерзімімен сотталғандар, бас бостандығын шектеу жазасын алғандар, жазасы кейінге қалдырылғандар және басқа да санаттағы сотталғандар кіреді. Олар әртүрлі қылмыстар бойынша есепке алынған.



Көбіне ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабы (ұрлық), 190-бабы (алаяқтық), 191-бабы және тағы басқа баптар бойынша сотталғандар бар.

• **«Пробацияға жататын бес жаза түрі бар: Біріншісі, бас бостандығын шектеу. Сотталған адамға белгілі бір шектеулер қойылып, тұрғылықты мекенжайынан түнгі уақытта шығуға тыйым салынады, шартты сынақ мерзімі – сот шартты түрде соттап, сынақ мерзімінде мінез-құлқын қадағалайды, жазаны кейінге қалдыру – мысалы, сотталған адамның он төрт жасқа толмаған баласы болса, жазасын өтеуді белгілі бір уақытқа кейінге шегереді, сотталған адамды тегін қоғамдық жұмысқа міндеттейтін жаза түрі бар. Қылмыстық кодекстің 72-бабына сәйкес, сотталғандар жаза мерзімінің белгілі бір бөлігін өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босауға өтініш бере алады. Мысалы, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағандарға жаза мерзімінің жартысын немесе үштен бірін өтеген соң шартты босауға мүмкіндік бар».**

Мұндай жағдайда пробация қызметкерлері сотталушының тәртібін, төлемдердің толық өтелгенін және қоғамдық тәртіпті бұзбағаны туралы мінездеме береді. Осы мәліметтерге сүйеніп, сот шешім қабылдайды. Ал есепте тұрғандарды орташа бақылау уақыты жаза мерзіміне байланысты болады. Мысалы, сотталушыға бес жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалса, сол бес жыл бойы пробация есебінде тұрады.

Әділет капитанының айтуынша, осы мерзім ішінде құқық бұзбай, заң мен тәртіп сақталса, мерзімінен бұрын босатылатын жағдайлар да кездеседі екен. Бірақ бұрын сотталғандардың арасында қайта қылмыс жасайтындар да болады. Жаза өтеу тәртібін бұзса, пробация есебінде тұрған сотталушының жеңіл жазасы қатаң түрге ауыстырылады. Наурызбай ауданында биыл жарты жылда екі сотталушы тағы құқық бұзып, қазіргі таңда уақытша ұстау изоляторында қамауда отыр.

Ұсыныс және процессуалдық шешім

Есептегі тұлғалар өзіне сот жүктеген міндеттерді және пробация қызметінің заңды талаптарын орындамаған жағдайда пробация қызметі сотталғанға белгіленген жаза түрін қатаң жаза түрімен ауыстыру немесе жаза мерзімін ұзарту бойынша сотқа процессуалдық шешім қабылдау үшін ұсыныс береді.

• **«Сотталған адам сот белгілеген міндеттерді орындамаса, мысалы, кешкі уақытта үйінде болмай немесе әкімшілік құқық бұзып, хаттама толтырса, біз сотқа ұсыныс жібереміз. Бұл ұсыныс негізінде сот бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыруы мүмкін. Әрине, қылмыс қайталанбауы үшін про-**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Мирлан АҚСАҚАЛОВ,
Алматы қаласы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
Пробациялық бақылау
қызметі бастығының міндетін
атқарушы, әділет майоры:

Алматыда 920 адам рақымшылыққа ілігеді

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты 8 аудандық Пробация қызметі бөлімі бар. 2025 жылдың өткен 7 айында пробациялық есептен 4632 адам өтті. Оның ішінде 599 әйел, 19 кәмелеттік жасқа толмаған бала бар.

Осы уақыт ішінде қала бойынша 2635 сотталған пробациялық есепте тұрады. 408 адам белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға сотталған. 60 адам қоғамдық жұмысқа сотталған. 1782 адам бос бостандығын шектеу жазасына, мәжбүрлі еңбекке 1245, шартты жазаға 338 адам сотталған. Жаза өтеу тәртібін бұзғаны үшін 11 сотталғанның сынақ мерзімі ұзартылды. 218 сотталғанның ісі бас бостандығын шектеу жазасынан бас бостандығын айыру жазасына ауыстыру туралы сотқа жолданып, оның ішінде 140 іс қанағаттандырылды. Өткен 7 айда 1357 сотталғанға психологиялық көмек көрсетіліп, 586-сы жұмысқа орналасты.

Пробация қызметінің есеп беру бөлімдерінде зерделенген істер саны –2245 болса, оның ішінде қоғамнан оқшауланбайтын жазаға сотталған 920 адам рақымшылық туралы заң талаптарына ілігеді. Осы 920 адамның ішінде 273 сотталған босатылады, 647 сотталғанның жаза мерзімі қысқартылады.

филактикалық шаралар жүргіземіз. Пробациялау талаптарына бағынбау жағдайы сирек кездеседі. Өйткені, заң бәріне бірдей және біз заң аясында тиісті шараларды қолданамыз. Есепке алынғандармен тұрақты түрде сұхбат жүргізіп, жұмысқа орналасуына жәрдемдесеміз. Отбасылық жағдайлары, құқықтық немесе психологиялық мәселелер бойынша қолдау көрсетіледі».

Бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімді нақты өтегеннен кейін, қылмыспен келтірілген залалды толық өтеп, жазаны өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Пробация қызметкерлері шартты түрде сотталғандарды да қадағалайды.

• **«Олар үшін пробация мерзімін қысқарту немесе ұзарту мүмкіндігі қарастырылған. Егер шартты сынақ мерзімінде жүрген адам әкімшілік құқықты немесе пробация талаптарын бұзса, сот шешімімен бақылау мерзімі бір айдан бір жылға дейін ұзартылады. Ол үшін пробация қызметі сотқа ұсыныс береді, шешімді сот қабылдайды. Шартты сынақ мерзімімен сотталған 69 адам бар».**

Әділет капитаны атап өткендей, қазіргі уақытта ауданда кәмелеттік жасқа толмағандар есепте жоқ. Бұған дейін үш кәмелетке толмаған сотталған адам болған, бірақ олар мерзімін толық өтеп, пробация есебінен шығарылған. Ал пробация есебінде тұрған сотталғандардың отбасымен тығыз жұмыс жүргізіледі. Есепке алынған күннен бастап, алдымен сотталған адамның әлеуметтік жағдайын, тұрмысын білу үшін үйіне өкіл барып, тексереді. Қайта қылмыс жасамауы үшін қоғамға бейімдеуге, түзелуіне ықпал етеді. Сотталған адамның ата-анасымен, туыстарымен әңгімелеседі. Өйткені, ешбір ата-ана баласының сотталғанын қаламайды, сондықтан олар да баласының түзелуіне үлес қосуға мүдделі.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА.





ЕҢБЕК АДАМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі» деген еді. Президент тапсырмасы жергілікті жерлерде қалай жүзеге асырылып жатыр? Бұл мақсат-міндеттерге орай мегаполистегі қоғамдық тәртіп сақшыларының қызметіндегі нақты бағдарлар қандай? Осы және басқа да сауалдар төңірегінде Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі полицейі, кіші сержант Жігер МАХМҰТОВПЕН әңгімелескен едік.



Жігер МАХМҰТОВ:

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

ӘДІЛ ҚОҒАМ – БАСТЫ БАҒДАР

– Ел Президенті тұжырымдағандай, «қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс». Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметінде бұл бағдар қалай жүзеге асырылуда?

– Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – мінезден!» деген екен. Қазақ елі Президентіміз аманаттағандай, өте жауапты әрі абыройлы міндет – Әділетті Қазақстанды құруға бағдар алды. Біз отаншылдығымызды және елге жанашырлығымызды нақты іспен көрсетуіміз керек. Адал азамат болуға ұмтылуымыз қажет. Зердесі биік азамат елінің қамын ойлайды. Қай сала болмасын, әркім өз қызметінде Отанымызды өркендетуге үлес қосуы тиіс деп ойлаймын. Қазір жаңарған әділ қоғам орнату қарқынды түрде жүзеге асып келеді. Соның ең негізгісі ол – «Адал адам» концепциясы. Адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесі нығайып, әділ, ашық қоғам әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптасып келеді. Әділетті Қазақстан қағидаты – ең алдымен заң мен тәртіп бағдарының баршаға бірдей үстемдігі. Заң алдындағы азаматтық жауапкершілік деген пайымды аңғартады. Батыр Бауыржан Момышұлы бабамыз «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп бекер айтпаған. Біз үшін мемлекет тұғырының үш негізгі тірегі бар. Олар: «Адал адам – әділ қоғам – заң мен тәртіп» құндылықтары.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМ

Ұжымымыздағы әр құқық қорғау органының қызметкері заң мен тәртіп қағидатын жақсы ұғып, мәнін жете түсінеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең

қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп шегеленіп жазылған. Сондықтан заң мен тәртіп үстемдігі әрқашан биік тұруы шарт.

Біз заң дегенді тек құқық қорғау, сот билігі, прокуратура сияқты құзырлы органдарға теліп түсінеміз. Көрнекті қаламгер Шерхан Мұртаза «Заң деген – ноқта» деген екен. Сол себепті, заңды бір жақты түсінуге болмайды. Бұл – тұтас қоғамның тәртіпке бағынып, заңды құрметтеп, Конституция бойынша өмір сүруі деген қағидат.

Қоғамдағы қылмыс, зорлық-зомбылықтың бәрі заңды, өз құқығыңды білмеуден басталады. АҚШ, Еуропа, Түркия, Сингапур сияқты дамыған елдерде заң өте қатал. Бір ғана Сингапур елін алайықшы, онда балағат сөз айтып, сағызды беталды тастағаныңыз үшін әкімшілік құқықбұзушылықтан бастап, қылмыстық жауапкершілікке дейін жауапқа тартылуыңыз мүмкін. Қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова апамыздың «Батыс заңға бағынады, Шығыс дінге бағынады, ал қазақ ұят болады» дейді. Сондықтан қателестің деп, жауапкершілікке тарта бергеннен гөрі, халыққа түсіндіру, заңның мәнін ұғындыру жұмыстарын жіті қолға алған дұрыс» дегені бар еді. Бұл дұрыс ұстаным деп ойлаймын. Бүгінде «Медиация» заңы аясында тараптарға өзара келісіп, мәселені медиатор арқылы бірлесіп шешуіне мүмкіндік берілген. Осындай бастамалар заң мен тәртіп қағидатының мән-мағынасын арттырады.

ПОЛИЦИЯ – ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП САҚШЫСЫ

– Жігер, тәртіп сақшыларының жұмысын қоғам жетік біле бермейді. Жалпы, полиция қызметкері болу сіздерге қандай міндет пен парыз жүктейді?

– Өте жақсы сауал. Иә, біздің жұмыс оңай емес. Полиция болу – өте зор жауапкершілікті талап етеді. Әр қадамың нық, әр ісің қоғамға кәделі болуы қажет.

Қазір «Инстаграм», «ТикТок», «Фейсбук», «Ютуб» сияқты әлеуметтік желілер-

де тәртіп сақшыларына байланысты әртүрлі форматта бейнебаян қаптап жүр. Соның ішінде құқықбұзушылықты анықтауға жәрдемдескен видеоконтенттер де бар. Дегенмен, желіге жүктеліп жатқан контенттің үштен бірі – теріс пиғылда болатыны, олардың полиция қызметкерлерін жөнсіз, келемеждеуге, әділетсіз балағаттауға бағытталатыны қынжылтады. Әрине, қателеспейтін пенде болмайды, қызмет бабын жеке мүддесі үшін асыра пайдаланатындар мүлде жоқ деп те айта алмаймыз, ондайлар заң жүзінде қатаң жазаға тартылады. Замандастарыма айтарым, бәріміз де ет пен сүйектен жаралған адамбыз. Біздің де бала-шағамыз, ағайын-туыс, жора-жолдас, отбасымыз бар. Өз жұмысымызды абыроймен атқарамыз. Полиция – қоғамдық тәртіп сақшысы, халықтың қорғаушысы. Қоғамдағы түрлі келеңсіз оқиғаның алдын алып, тәртіп бұзғандармен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, азаматтардың қауіпсіздігін ойлайды.

– Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік қамсыздандырылуы қандай деңгейде?

– Құқық саласының қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру бағдары бар. Ең негізгісі – айлығымызға қосымша төленетін әлеуметтік қамсыздандыру пакеттері қарастырылған. Бірақ нарық заманы болғандықтан, әрине, тұрмысқа 100% жеткілікті деп баса айта алмаймыз. Өзімнің 6 балам бар. Анам мен бауырларым жанымда. Үйдің үлкені болған соң, асырап бағу – менің мойнымда. Тұрақты жұмыс – тұрақты жалақы. Отбасыма жеткізуге тырысамыз. Баспана алуға жеңілдік болса, табыс еселеніп артып жатса жақсы болар еді, әрине. Өйткені, бүгінгідей нарық заманында табыс мол болмаса, жан бағу оңайға түспейді.

«ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӘТТІ»

– Әскерилер арасында «генерал болуды армандамаған сарбаз – сарбаз емес» деген тәмсіл қалыптасқан. Қандай қызмет болсын, мәртебең өсіп, абыройға бөлену – адал еңбекпен келетіні белгілі. Сіз қалай ойлайсыз?

– Қазақ халқында «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» дейді. Әрине, қызмет өсіп, дәреже иелену – табанды еңбекке байланысты деп білемін. Әуелі елге маңдай терді төгіп, қолдан келген қызметті жасап, абыройға бөлену керек. Кейбіреулер бейбіт күнде ерлік жасалмайды деп айтады. Бұл – қате пікір. Қоғамдық тыныштықты бұзып, халыққа қауіп төндірген сәтте тараздық полицей Ғазиз Байтасов жұртты арашалап, қызмет жолында өзін құрбан етті. Мемлекет Ғазиз ағамызға «Халық Қаһарманы» деген атақ берді. Осындай оқиғаларды тізіп айта беруге болады. Таңертең үйден алаңсыз шығып, кешкісін отбасыңа, анаң, бауырыңа, әйел бала-шағаңа аман есен оралу – олжа. Нәтижелі еңбек етуге тырысып келеміз, түбінде бір жақсылық жолығар.

Құқық қорғау саласының ережесі бойынша 45 жаста зейнетке шығу бекітілген. Қазір біліктілігім мен білімімді арттырып, лейтенант шенін алуды көздеп жүрмін. Бұйырса, қызметтік жолымда капитан, майор, полковник дәрежесіне жетсем деген үміт бар. Адал еңбекпен зейнет жасына ілініп жатсақ, нұр үстіне нұр. Әріптестерімнің арасында зейнеткерлікке шыққаннан кейін жеке кәсіпке бетбұрғандар бар. Өз басым магистратураға түсіп, докторлықты қорғап, арнаулы оқу орындарында оқытушы-профессор ретінде жастарға дәріс бергім келеді. Өйткені, игерген тәжірибе мен біліктілік адам бойында мәңгілік қалады. Білгеніңді өзіңнен кейінгі буынға үйрету – ғанибет деп білемін.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ – ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

– Сізді бірнеше мәрте жыр мүшәрасынан көріп, шығармашылыққа бейімділігіңізді аңғардық...

– Ақын Мұхтар Шаханов айтпақшы, «анау тұрған бидайды, комбайнмен жинайды» деп екінің бірі өлең жаза беруі мүмкін. Алайда, өлең – құдіретті күш. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділерін», Әзілхан Нұршайықовтың «Махабат қызық, мол жылдарын» және Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясын» оқып, рухани көкжиегім ашылды, әдебиетке қызықтым. Өзім де өлең жаза бастадым. Негізі – өзім полиция қызметіне келместен бұрын 8 жыл – әскери салада, 2 жыл – төтенше жағдай қызметінде, 1 жыл – жедел жәрдемде қызмет еттім. Ең жаныма жаққаны, әрі оң жамбасыма келгені осы полиция қызметі болды. Темірдей тәртіпке бойым үйренсе де, көңілім әдебиет айдынында, ойым шығармашылықта самғап жүреді.

Мәселен, Бауыржан Момышұлы әскери қызметте жүрсе де, шығармашылықтағы дарынын да көрсете білді ғой. Сол кісі сияқты мен де шығармашылығымды қалтарысқа қалдыра алмаспын. Мүмкіндігім болып, қолдау табылып жатса, шығармашылық кеш беріп, өлеңдерімнен сахналық көрініс көрсетіп, ән де шырқатқым келеді. Ол жағына уақыт төреші.

Қазақта «Әкенің абыройы балаға қырық жыл азық» депті. Ұлдарым жолымды қуып, ақын болам немесе полиция қызметкері, әскери адам болам десе қарсылығым жоқ. Оларға өз таңдауларын жасауға рұқсат беремін. Болашақтарына жол көрсетіп, мықты маман болуына жетелеймін. Өйткені, жас бала кезімізде өзіме сол нәрсе жетпеді. Сондықтан балаға бала күннен бағыт-бағдар берген жөн деп білемін. Мен үшін елге қызмет ету, құқық қорғау органдарында қызмет ету – абыройлы міндет, зор жауапкершілік, азаматтық парыз деп түйсінемін.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

СҰХБАТ

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ

әлемдік деңгейге қашан көтеріледі?

Спорт – бабы мен бағы келіскендер атой салатын орта. Сондықтан әркім атақты спортшы болғысы келеді, алайда көбісінің оған қолы жетпейді. Қазақ спортының беталысы, соның ішінде бүкіл әлем көз тіккен футболдың өркендеуі маңызды болып тұр. Спорт саңлақтарының әлемдік додаларды бағындырып, ел атын ғаламға мәшһүр етуі маңызды. Бірақ спорт саласындағы бірқатар түйткілдер қазақ спортының өрлеуіне кедергі болып тұрғандай. Осы аталған ой-пайымды білу мақсатында белгілі спорт комментаторы Ермұхамед МӘУЛЕН-МЕН сұхбаттасқан едік.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АРЕНАҒА БІЗ ДЕ ШЫҒАМЫЗ

– Әңгімені туысқан халық өзбек футболынан бастасақ. Өзбекстан ұлттық құрамасы өз тарихында алғаш рет әлем чемпионатына жолдама алды. Ала шанды ағайынның тасының өрге домалауының құпиясы неде деп ойлайсыз?

– Өзбекстан құрамасының әлем чемпионатына шығуы бұл кездейсоқ жағдай емес. Олар осыған қызу дайындықпен келе жатты. Осының алдындағы екі іріктеуде шығуға мүдделілігін көрсеткен-тұғын. Бір мәрте Иорданиядан, тағы бір жолы Қытайдан ұтылып қалды. Бірақ түбі мақсаттарына жетті.

Бұл – өте тамаша көрсеткіш. Өзбек футболына реформа жасаудың арқасында олар осы дәрежеге табан тіреді. Бауырларымыз балалар футболына қатты ден қойды. Соның бір жемісі – осы жолғы жеңістері. Сонымен қатар, қаншама футболшылары Еуропада



ойнап жүр. Қай уақытта да Еуропада жүрген футболшылардың деңгейі жоғары болады. Бұл – әлем бойынша дәлелденген нәрсе. Егер 11 ойыншыңыз Еуропада ойнаса, онда мықты деген сөз. Сонымен қоса, атағы жер жарған, мықты футбол клубтарында ойнаса, онда сол елдің футболшыларының тасы өрге домалады деген сөз. Эльдор Шомуродов Италияның «Рома» футбол клубында ойнап жүрді, Түркияға енді ауысты.

Сондай-ақ, Аббосбек Файзуллаев ЦСКА-дан Башакшехирге өтті. Сонымен бірге, Абдукодир Хусанов Манчестер Ситиде өнер көрсетеді. Осыдан артық қандай көрсеткіш керек. Өзбектің жаһанға мәшһүр футбол клубтарында ойнайтын 4-5 ойыншысы бар.

Міне, байқағанымыздай, осындай биік дәрежеге көтерілген футболшылар өз елінің спорт өнерін әлемдік деңгейге сүйрейді.

Қазақстан құрамасы дүниежүзілік аренаға қашан шығады деп жиі сұрақ беріледі. Егер 5 қазақ футболшысы әлемдік футбол орталықтарында ойнаса, онда біз де биік жетістікке жетеміз. Дүниежүзілік аренаға біз де шығамыз. Ол үшін Францияның «Ланс», «ПСЖ», Англияның «Астон Вилла», Испанияның «Эспаньол-Мальорка» деген атақты клубтарында қазақ футболшылары өнер көрсетсе, Қазақстан футболы әлемдік деңгейге көтеріледі.

«ҚАЙРАТ» – ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ
– Кеңестік кезеңде «Қайрат» футбол клубының аты мәшһүр еді. Сол кездің футболшылары мықты болды ма, себеп неде?

– Әрине. КСРО заманында «Қайрат» мықты еді. Атағы біраз дүркіреп шықты. Қазақтың мақтанышы бола білді. Әйгілі Тимур Сегізбаев, Құралбек Ордабаев, Сейілда Байшақовтар мықты ойнады. «Динамоны», «Спартакты», бәрін жеңді. «Қазақ футбол ойнап жарытпайды» деген қатып қалған қасаң қағиданы бұзды. Сол кездегі шалақ-белсенділер қазақтарды көп жақындатпаса да, біздікілер сенді жарып арасынан жарқырап шықты. Ол жағын бүгінде мойындауымыз керек. Қазіргі «Қайрат» футбол клубы да мықты. Меценат Қайрат Боранбаев академия салды, зор қолдау білдірді. Енді қайраттықтардың төмендеуге хақы жоқ. Олар Қазақстанда алтыншы-жетінші орын алып жүрмеуі керек, қайта жүлделі орында тұруы қажет. Еурокубкта ойнауға, трофейлер алуға қабілетіміз жетеді. Қазақ футболының UEFA-ға өткені дұрыс болды. 100% анық

нәрсе – біз енді Азияға қайтпаймыз. Неге ауыстық деп өз-өзімізді кінәламауымыз керек. Оған ауыса алмай жүргендер қаншама. Турасын айтқанда, UEFA маңына талайларды жолатпай жүр. Біз бағымызға орай ауысып үлгердік. Енді біз Еуропадамыз.

– Қазақстанға сырттан легионерлер әкеліп, оларға доллармен қаржы төлеп, не ұттық?

– Жалпы, легионерлердің келгені – құптарлық іс. Мәселен, Англия, Германия, Испания, Италия елдерін алайық. Дамыған осы төрттіктің футбол әлемін алып қарасаңыз, ойыншыларының көбі легионерлер. Қазақстанға да легионерлер керек. Өйткені, біз бір орында тұрып қалдық. Бұл қадамсыз футбол өнері дамымайды. Бір дүниені қадап айтып өтейін – легионер дегенге кім көрінгенді әкеле бергенше, сапалы легионерлерді тарту қажет. Тек бөлінген қаржыны дұрыс жұмсауды үйренген абзал. Бүгінде арабтар мен қытайлар футболға инвестицияны мол құйып жатыр.

ЗАМАНАУИ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА МЕН АКАДЕМИЯ КЕРЕК

– Қазақтан әлемге әйгілі Криштиану Роналду, Месси сияқты спорт жұлдыздары әлі жарқырап шықпады. Себебі неде?

– Әлемдік деңгейдегі футбол жұлдыздары шығуы үшін әдемі кең, заманға сай материалдық техникалық база, заманауи академия керек. Мықты футбол алаңдары қажет. Дәп бүгінгі таңда ондай жағдай жасалмаған. Қазақстанда бар-жоғы үш-ақ спорт академиясы бар. Ғаламды таңдандыратын жұлдыз дайындау үшін әуелі спортшыға жағдай жасау қажет.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТЛЕТТЕР

6 алтын, 12 күміс және 16 қола жүлде алды

Алматы маңында орналасқан Олимпиадаға даярлау орталығында Азиядағы ең айтулы жарыстардың бірі – жеңіл атлетикадан Ғұсман Қосановты еске алуға арналған XXXIV халықаралық жарыс өтті.

А

Досбол АТАЖАН

Ғұсман Қосанов атындағы жарыс – World Athletics Continental Tour Bronze Level санатына қосылған халықаралық күнтізбедегі ауқымды жарыстардың бірі. Турнир Олимпиадаға даярлау орталығында ұйымдастырылды. Оған әлемнің 17 мемлекетінен келген 214 спортшы қатысты. Олардың қатарында Үндістан, Түркия, Украина, Иран және өзге де мемлекеттер бар. Жарыс барысында спортшылар қыркүйек айында Жапонияда өтетін жеңіл атлетикадан әлем чемпионатына рейтингілік ұпайлар жинады. Жарыс нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасы жалпы есепте 34 медаль жеңіп алды: 6 алтын, 12 күміс және 16 қола жүлде.

Юлия Башманова (100 метрге кедергілер арқылы жүгіру), Полина Иванова (сырықпен секіру), Александра Залюбовская (400 метр), Надежда Дубовицкая (биіктікке секіру), Иван Товченик (сырықпен секіру), сондай-ақ Қазақстанның аралас 4x400 метрлік эстафета командасы алтын жүлде жеңді.

Сонымен қатар, Ирина Конищева (100 метрге кедергілер арқылы жүгіру), Анна Черкашина (сырықпен секіру), Артур Гафнер (найза лақтыру), Мария Ефремова (үш қарғып секіру), Александра Залюбовская (200 метр), Аделина Земс (400 метрге кедергілер арқылы жүгіру), Әділ Омарбеков (400 метрге кедергілер арқылы жүгіру), Ақбілек Құралбай (1500 метр), Давид Еф-

ремов (110 кедергілер арқылы жүгіру), Виктория Ан (100 метр), сонымен қатар ерлер мен әйелдер құрамасы (4x100 метрлік эстафета) күміс медаль иеленді.

Одан бөлек, Алина Чистякова (100 метрге кедергілер арқылы жүгіру), Антон Боднар (биіктікке секіру), Диана Гейнц (найза лақтыру), Евгения Красаева (800 метр), Никита Изотов (800 метр), Евгений Прокудин (100 метрге кедергілер арқылы), Ақбілек Құралбай (5000 метр), Игорь Хрунин (1500 және 5000 метр), Иван Иванов (ядро лақтыру), Евгений Лабутов (диск лақтыру), Надежда Богданова (ядро лақтыру), Виталий Земс (200 метр), Эльнор Мухитдинов (400 метр), Виктория Ан (200 метр), сонымен қатар Қазақстан әйелдер құрамасының екінші командасы (4x100 метрлік эстафета) қоржынға қола жүлде салды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ольга РЫПАКОВА,
ҚР Жеңіл атлетика федерациясының президенті:

БИЫЛҒЫ БӘСЕКЕ МӘРТЕБЕСІ ЖОҒАРЫ

Ғұсман Қосанов – Олимпиада жүлдесін алған тұңғыш қазақ атлеті. Ол біздің тарихи тұлғамыз, бұл бәсеке елімізде дәстүрлі түрде өтіп келеді. 2021 жылдан бері турнир ауқымы кеңейіп, World Athletics күнтізбесіне енді. Жарыста әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарына рейтингтік ұпайлар ойнатылады. Биылғы бәсеке мәртебесі жоғары. Қосанов мемориалы менің жеңіл атлетикадағы жолымды ашқан турнирлердің бірі. Ең соңғы рет 2021 жылы қызыммен бірге бақ сынадым.

Қазір жеңіл атлетикада басымдық Қазақстанда өскен, бала кезінен осында тәрбиеленіп, жаттығып келе жатқан өз спортшыларымызға беріледі. Дегенмен, Қазақстан азаматтығын алған спортшыларымыз ұлттық құраманың мүшелері ретінде өз міндеттерін толық көлемде орындап жүр. Нора Джерутоның арқасында бізде әлем чемпионатының медалі бар. Менің ойымша, бұл алғашқы және соңғы медаль емес. Мен бұған сенімдімін. Олардың алдына үлкен міндеттер қоятын боламыз. Бұл талаптар елімізде жаттығатын өз спортшыларымызға қандай болса, оларға да дәл сондай деңгейде қойылады. Шетелден жаңа спортшыларды шақыру туралы әзірге ойланбадық. Қазір федерацияның негізгі мақсаты – балалар мен жастар арасында Қазақстанда жеңіл атлетиканы дамыту және танымал ету.

Келбет НҰРФАЗИНА,
Жеңіл атлетика федерациясының бас хатшысы:

ОРТАЛЫҚ СТАДИОНДА ЖҮГІРУ ЖОЛАҚТАРЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

Қазір республика бойынша 7,8 мыңнан астам секцияда 340 мыңдай бала шұғылданады. Өңірлер арасында Алматы қаласында, Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстарында жеңіл атлетика жақсы дамыған. Бірақ инфрақұрылым жағынан мәселе бар. Қазақстан бойынша әлемдік World Athletics бойынша сертифицикатталған жалғыз орын – Олимпиадаға даярлау орталығындағы стадион.

Сондықтан Алматының Орталық стадионында жүгіру жолақтарын сақтау керек деп ойлаймыз. Өйткені, алда басталатын стадионды жөндеу жұмыстары кезінде жүгіру жолақтары алынуы мүмкін деген сыбыс болды. Біздің тарапымыздан бұл жолақтарды алмай, әрі қарай жеңіл атлетиканың дамуына үлесін қосса деген ұсыныс бар. Алда жоспар көп, оның бәрін бірте-бірте шешеміз.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» газетіне 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 4 айға – 2453,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 4 айға – 5262,48 (қала), 3213,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 4 айға – 1573,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РЕСМИ БӨЛІМ

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі–Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды, конкурс өткізілетін орын: **050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,Республика алаңы, 4:**

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№15 қалалық емхана» КМК	050063, Алматы қ., Әуезов ауданы, «Достық» шағынауданы, Жайдарман көшесі, 17 үй.
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№20 қалалық емхана» КМК	050049, Алматы қ., Түркісіб ауданы, «Жұлдыз- 1» шағынауданы, 5В үй
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№30 қалалық емхана» КМК	050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Жібек жолы көшесі, 128/23-үй.
4	Алматы қалалық ҚДСБ ШЖҚ «қалалық перинаталдық орталық» КМК	050062, Алматы қ., Әуезов ауданы, Жұбанов көшесі, 11 үй.
5	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№7 қалалық клиникалық аурухана» КМК	050006, Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Қалқаман» шағынауданы, 20 үй
6	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Алмалы ауданының БМСКК орталығы» КМК	005011 Алматы қ. Алмалы ауданы, Төлеби көшесі, 157-үй

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.
Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талап-тардың біреуінің болуын қамтиды:
1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжі-рибесінің болуы;
2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемін-де 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

--

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№171 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ау-даны, «Айгерім-1» ықшамауданы, Бенберин көшесі, 52/1үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№196 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ау-даны, «Мәдениет» ықшамауданы, Сүлейменов кө-шесі, 15 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№212 мектеп–гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ау-даны, «Саялы» ықшамауданы, Арқалық көшесі, 137а үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№15 гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 133 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№46 гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 157 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№144 мектеп–гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Түркебаев көшесі, 93 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№141 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ау-даны, «Жетісу-2» ықшамауданы, 8В үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№23 мектеп–гимназия» КММ басшысы.**

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 3А үй.

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№73 мектеп–гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Басенов көшесі, 14 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№146 мектеп–лицей» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Алмагүл» ықшамауданы, 2 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№191 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Жайлау» ықшамауданы, Әлмерек көшесі, 41 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№66 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауда-ны, Қазақов көшесі, 6 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№108 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауда-ны, Ақпаев көшесі, 59 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Сүйінбай атындағы №143 мектеп–лицей» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауда-ны, Колпаковский көшесі, 26 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандан-дырылған гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауда-ны, Уәлиханов көшесі, 79 үй.

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№64 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауда-ны, Оренбург көшесі, 17 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауда-ны, С.Нұрмағамбетов көшесі, 69 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№197 негізгі орта мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауда-ны, «Сұлусай» ықшамауданы, Инкардария көшесі, 5 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№50 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ау-даны, Бурунбай көшесі, 44 үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№85 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ау-даны, Урицкий көшесі, 2а үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№89 жалпы білім беретін мектеп» КММ бас-шысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ау-даны, Поддубный көшесі,155 үй.
- Ақпаратты нақтылау үшін байланыс те-лефондары, электрондық мекенжайлары: +7 707 358–32-42. Электрондық адрес: service.ok.2@mail.ru.**
Толық ақпаратты www.aqshamnews.kz сай-тынан оқыңыз.

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:
1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жыл-дан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысы-мен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініш-терді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:
1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35 бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арна-йы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылы-ғынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауда-ны,Республика алаңы, 4, ұялы.тел. 8 701 491 59 77.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы «8» тамыз.
Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы «8» қыркүйек.
Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2025 жылғы 8 қыркүйек.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ФУТБОЛ

СҰРМЕРГЕН «ҚАЙРАТҚА» ЖЕҢІС ӘКЕЛДІ

Алматының Орталық стадионында УЕФА Чемпиондар Лигасының үшінші іріктеу кезеңі аясында «Қайрат» пен «Слован» командалары арасындағы алғашқы ойын өтті.

Досбол
АТАЖАН

Бір апта бұрын өз алаңындағы қарымта ойында алматылық ұжым Финляндияның «КуПС» командасын ойсырата жеңіп, келесі кезеңге өткен еді. Одан кейін Қазақстан біріншілігі аясында шаһарымыздың клубы Алматыда «Ұлытауды» 1:0 есебімен жеңіп, Чемпиондар Лигасының үшінші іріктеу кезеңіне жақсы көңіл-күймен келді. Алматылық жанкүйерлер де бұл ойынды асыға күтті. Матч билеттері сатылымға шыққан бірер күнде барлығы жылдам сатылып, Орталық стадионда тағы да SOLD OUT болды.

– Чемпиондар лигасы – бұл мүлде басқа жауапкершілік. Барынша жинақы болып, назарды тек ойынға бұру қажет. Соңғы екі жаттығуды толық құрамда өткіздік. Жігіттер қалпына келді, өздерін жақсы сезінеді. Ертеңгі ойында өздерін көрсетуге асық. Қарсылас туралы айтсақ, «Слован» – тәжірибелі, жан-жақты команда. Бапкері Владимир Вайссты бәріміз жақсы білеміз. Оның тәжірибесі мол. Команда былтыр УЕФА Чемпиондар лигасының негізгі кезеңінде өнер көрсетті. Құрамы өткен жылмен салыстырғанда, көп өзгермеген. Бұл кезеңде де, жалпы турнирде де осал қарсылас болмайтыны анық, – деді ойын алдында «Қайраттың» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин.

«КуПС-пен» қарымта кездесуде алғашқы минуттардағы жылдам шабуылдар нәтиже берді. «Қайрат» бұл тактиканы тағы да қайталамақ болды. Ойын басынан бастап алаң қожайындары «Слован» ойыншыларын қысымның астына алып, бірнеше шабуыл жасады. Дегенмен, Словакияның 23 дүркін чемпионы финляндиялықтар секілді сыр берген жоқ. 3-минутта Жоржиньо, 5-минутта Громыко, 6-минутта Эдминсонның соққылары қауіпті көрінгенімен, ойын есебін аша алмады.

Ал 10-минуттан кейін матч словакиялықтар допқа көбірек иелік етіп, қарымта шабуылдарға шыға бастады. Бірақ қақпашы Заруцкий және Қасабулат, Сорокин, Мартынович, Мата, Тапаловтан құралған қорғаушылар тобы қарсыластың гол соғуына мүмкіндік берген жоқ. Осылайша, 1-таймның қалған бөлігі көбіне алаң ортасындағы өзара тартыспен өтті. Кездесудің бірінші жартысы «Слован» ойыншыларының нәтиже әкелмеген өткір шабуылымен аяқталды. Статистика:

«Қайрат» – «Слован».

9 – соққы – 4.

3 – бұрыштама – 2.

1 – сары қағаз – 1.

Екінші тайм. Стадион ортасындағы арпалыстан басталды. Доп бірден екіншіге өтіп жатқан кезеңде алматылықтарға қарағанда «Слованның» шабуылдары қауіптірек көрінді. Алайда, қонақтардың мұндай қарқынын қызыл қағаз тоқтатты. Громыконың артынан ереже бұзған Рахим Ибраһим 2-таймда екінші сары қағазын алып,



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әли ӘЛИЕВ,
Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері:

Алматыда өткен айтулы матчқа ұлттық құраманың бас бапкері Әли Әлиев те қатысып, ойыннан кейін өз әсерімен бөлісті.

«Қайратты» ғана емес, барлық Қазақстан футболын жеңіспен құттықтаймын! Себебі, «Слован» секілді мықты қарсыласты өз алаңында жеңіп отыр. Бұл ойынға Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншылары қатысқаны қуантады. Дастан Сәтпаев саналы түрде қимылдайды, дұрыс әрекет етеді. Сондай-ақ, Дамир Қасабулат пен Еркін Тапаловтың ынтасын ерекше атап өте аламын. Осы кездесудің арқасында біздің ойыншылар Уэльс пен Бельгияға қарсы алдағы ойындарға жақсы тәжірибе алып жатыр. Ойын қарқыны өте жоғары болды. Қазақстан футболшыларының мұндай деңгейде сақтай алғаны жақсы белгі. Заруцкий де өз қақпасында сенімді әрекет етті. Бұл жеңістен кейін Қазақстан футбол бір қадам алға басты деп ойлаймын, – деді Әли Әлиев.

автоматты түрде қызыл қағазбен алаңнан қуылды. Осындай өзгерістен кейін «Қайраттың» шабуылдары күшейді. Сары-қара команда 10 ойыншымен қалған ақ жейделі словакиялықтардың осал тұсын табу үшін барын салды. Ойын соңына дейін сыр бермеген «Слован» футболшылары қарсыластың үдей түскен шабуылдарынан кейін 88-минутта қателік жіберді. Данил Игнатенко «Қайраттың» қорғаушысы Сорокиннің жейдесінен тарта құлатып, өз қақпасына пенальти әкелді. Мұндай жауапты соққы 16 жастағы Дастан Сәтпаевқа тапсырылды. Бұған дейін Чемпиондар Лигасының іріктеу кезеңінде 2 гол соққан ол өз нәтижесін жақсартып, 90-минутта 11 метрлік допты қақпаға дөп кіргізді.

Айта кетерлігі, Сәтпаев соққан голдан кейін ойын қарқыны бәсеңдеген жоқ. Қосымша минуттарда Дастан Сәтпаевтың берген пасты алаңғы қосалқы құрамнан шыққан Рикардиньо голға айналдырған еді. Алайда, VAR арқылы бейнежазбаны қайта қарағаннан бас төреші футболшы ойыннан тыс қалды деген желеумен оны жаратпай тастады. Осылайша, «Қайрат» пен «Слован» арасындағы алғашқы кездесу 1:0 есебімен аяқталды. Енді қарымта ойын 12 тамыз күні Братислава қаласында өтеді. Екі команда арасындағы жеңімпаз Чемпиондар Лигасының топтық кезеңіне өтуі үшін «Селтик» командасымен кездеседі.

Айта кеткен жөн, Шотландияның чемпионы Қазақстан командалары үшін жаңа қарсылас емес. 2013 жылы олар Қарағандының «Шахтерімен», ал 2017 жылы «Астанамен» іріктеу кезеңінде кездесіп, отандық командаларды қапы қалдырған еді.

